

ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 190 (9508) || 1954 жылғы 24 сентябрь Жұма || Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).
ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДА ОЗАТТАРҒА ТЕҢЕЛЕЙІК: Бүгін кім алда. С. Қаюмов.— Техника қуаты өнімсіз пайдаланылуда, (1-бет).
СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: В. Заболоцкий.— Аштық партия жыйналыстарын жиі өткізу керек (2-бет).
В. Исаков.— Ауыр жұк тиелген осытастар санын көбейте береміз (2-бет).

БҮЙЛӨДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ БӨРМЕСІНДЕ:
М. Кушнер.— «Заветы Ленина» колхозының естендіде (2-бет).
ҚОҒАМДЫҚ МАЛҒА ҚҰНАРЛЫ АЗЫҚ ЖАЙЛЫ ҚОРА ӨЗІР-ЛЕЙІК: Б. Жақыпов.— Үлгілі өзірлік. С. Сутюшев.— Мал қыстатуға өзірліктегі кемшіліктер тез жойылысын. В. Ли.— Шопқаны тез семіртудің жолдары. (3-бет).
М. Назарин.— Қызылтулы бригада (3-бет).
Е. Сауқанов.— Ұлы көсем атындағы мектепте (3-бет).
Б. Леонтьев.— Халықаралық шолу. (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Тың жер игерушілерге қамқорлық күшейтілсін

Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкіметі совет халқының алдына ұлапайтақ Отанымыздың пайдаланылмай жатқан миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерін игеру арқылы елімізде азық-түлік молшылығын жасау, өнеркәсіпті шикізатпен қажетінше қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл міндетті аброймен орындау күресіне өз үлестерін қосуды алдарына мақсат еткен еліміздің мыңдаған патриоттары тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан аудандарға барып, жұмыс істеуге ерік білдірді. Бұл бүкілхалықтық іске айналған жұмыстың алғашқы нәтижелері зор табыс берді. Патриоттар Сибирь мен Қазақстанның далаларында жергілікті егіншілермен бірлесіп қажырлы еңбек етіп, бітік егін өсірді.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты біздің облысымызға быйылғы жылы мыңдаған патриоттар келді. Ірі астық фабрикалары болып табылатын жанадан 12 астық совхоз ұйымдастырылды. Әйтпек, қасырлар бойы түрен тимеген құлазыған құнарлы өлкеде еңбек майданы қызды. Олардың қажырлы еңбегі арқасында облыс бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру жоспары мерзімінен бұрын асыра орындалды.

Ауылшаруашылық жұмыстарының аса жауапты кезеңі — егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру маусымында облысымыздың көп егіншілері мен механизаторлары қажырлы еңбек етуде. Сонымен бірге, бітік өсірілген егінді ысрапсыз жыйнап алуды ойдағыдай өткізу үшін туысқан Украин республикасынан, Ленинград, Сталинград және басқа да облыстардан мыңдаған механизаторлар келді. Олар бұл күндері облыс еңбекшілерімен бірлесіп отырып, егінді қысқа мерзімде және ысрапсыз жыйнап алу жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін облысымызға өз ерлерімен келген патриоттар бұл күндері адам аяғы баспаған далада сәулетті, жаңа поселкелер орнатуда. Кәзіргі уақытта жаңа астық совхозы ұйымдастырылған жерлерде құрылыс жұмыстары зор қарқынмен жүріп жатыр. Патриоттар тың жерлерді игерумен қатар өздерінің жаңа поселкелерінің құрылыс жұмыстарын да жеделдете жүргізіп, оларды көріктендіруге көп көңіл бөлуде. Мемлекет олардың тұрмыстық қажетін өтеу үшін миллиондаған

айтуға болады. Совхоз басшылары, әсіресе механизаторлардың мәдени-тұрмыстық қажеттерін өтеуге көңіл аударуды мүлде естен шығарған. Ең ақыры, совхоз жұмысшыларын күнделік тұрмысқа қажетті заттармен қамтамасыз ету ісі де жоғра қойылмаған. Бұл жағдайды совхоз директоры Махуртов жолдас «жаңа қонысты болып жатқан жерде мұндай кемшіліктер болатын» деп түсіндіргісі келеді. Ал, шындығында мұның өзі совхоз басшыларының аса жауапты мәселе — адамдар үшін қамқорлық жасауды еске алмайтындығын көрсетеді.

Бұл сияқты жағдайларды Украина, Интернационал совхоздарынан да кездестіруге болады. Мәселен, бұл совхоздарда жұмысшыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету ісі нашар. Сол сияқты, мұнда құрылыс жұмысының барысы да ойдағыдай емес. Совхоз басшылары осы уақытқа дейін патриоттарды тұрғын үйлермен қамтамасыз ете алмай отыр. Ал, құрастырмалы үйлер салудың жоспары жартылай да орындалған жоқ.

Тың және тыңайған жер игеріп жатқан егіншілер мен механизаторлардың мәдени-тұрмыстық қажеттерін өтеу жұмысы бірқатар ескі совхоздарда да мез емес. Мәселен, Қызыл. Ұзынқөл совхоздарында жұмыс істеп жүрген патриоттар күнделік жұмысқа қажетті заттармен қамтамасыз етілмеген. Ал, дала қостары мен трактор бригадаларында жұмыс істейтін механизаторлар мен егіншілердің демалыс уақыттарын көңілді өткізуіне ешқандай қажетті жағдай жасалмаған.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі Сауда министрлігі мен тұтынушылар кооперациясының органдарын тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан аудандардағы МТС пен совхоз жұмысшылары азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен үздіксіз қамтамасыз етуге, бұл аудандарда сауда жұмысын барынша жақсартуға міндеттеді. Бірақ, облыстық тұтынушылар одағы жаңа ұйымдастырылған совхоздардағы жұмысшылар кооперациясының жұмысын жақсартуға әлі де болса жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Көптеген совхоздарда жұмысшылардың күнделік тұрмысына қажетті заттар жетіспейді. Ал, мұның орнына облыстық тұтынушылар одағы оларға бірнеше жылдай өтпей жатқан товарларды жөндеткен. Әсіресе, жаңа совхоз мерзімінен бұрын орындалуын

Егін жыйнау мен астық дайындауда озаттарға теңелейік!



Кәзіргі егін жыйнау жұмыстарының шешуші кезеңінде комбайншылар мен тракторшылардың социалистік жарысында жақсы көрсеткіштерге ие болушылар саны көбеюде. 20 сентябрьдегі жарыстың қорытындыларына қарағанда мына механизаторлардың үздік алда келе жатқандығы байқалды:
АСАДУЛАЕВ Алвақтар — Баян МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері, тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнмен сентябрьдің екінші сәуірінде 526 гектар егін жыйнады.

АТИНЦЕВ Михаил — Образцовая МТС-нің комбайншысы, «Сталинец-6» комбайнмен 20 сентябрьге дейін 567 гектар егін жыйнап, бұл жұмыстардың есебінен 436 килограмм жанар май үнемдеді. Ол орта есеппен алғанда смена сайын 23,1 гектар егін жыйнауға жетісті.

КОСАРЕВ Дмитрий — Образцовая МТС-нің комбайншысы, «Сталинец-6» комбайнмен 20 сентябрьге дейін 624 гектар егін жыйнап, орта есеппен алғанда сменалық еңбек өнімділігін 32 гектарға жеткізді.

СЕМОДОЦКИЙ Егор — Петропавл МТС-нің комбайншысы, Сталинец-6» комбайнмен 19 жұмыс күні ішінде 548 гектар егін жыйнады.

МЕНЬШИКОВ Николай — Налобин МТС-нің комбайншысы, «Сталинец-6» комбайнмен 20 жұмыс күні ішінде 382 гектар егін жыйнады.

Трактор бригадаларының социалистік жарысында Образцовая МТС-нің Иван ПОПОВ жолдас басқарған комсомол-жастар трактор бригадасы үздік табыстарға ие болып келеді. Бұл бригада бойынша 20 сентябрьде трактор жұмыстарының жылдық жоспары 201 процент орындалды. Бригададағы 15 аттың күші бар әрбір трактормен 1343 гектар жер жұмысталды. Механизаторлар еңбек өнімділігін арттыра отырып, зыбы қырту жөніндегі белгіленген жоспардың мерзімінен бұрын орындалуын

Техника қуаты өнімсіз пайдаланылуда

Совет ауданындағы Сартомар МТС-нің қамтуындағы колхоздарда егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының басталғанына біржарым айдан астам уақыт өтті. Солай бола тұрса да МТС, колхоз басшылары бұл жұмыстарға техника қуатын өнімді пайдалануды дұрыс жолға қоя алмай-ақ келеді. Осының салдарынан 20 сентябрьге дейін МТС бойынша егін жыйнау жоспары 72 процент ғана орындалды. Ал, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі жоспар осы уақытқа дейін жартылай да орындалған жоқ.

Егін жыйнау жұмыстарын тез және сапалы өткізудің тағдырын шешетін шешуші күш — комбайн агрегаттары екені мәлім. Бірақ, МТС-те комбайн агрегаттарының қуатын пайдаланудың жайы нашар. Олар техникалық жарамсыздықтан және шаруашылық жағынан нашар қамтылғандықтан жұмыс уақытының көбін босқа өткізеді. Сондықтан, комбайншылар көбінесе сменалық, бескүндік талсырмаларды орындай алмайды. Соның өзінде колхоз басшылары комбайн бұжараларының астық алу жұмысын дұрыс ұйымдастырмай отыр. «Новый быт», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында егін жыйнап жүрген комбайншылар бұжардан астық алатын көліктердің жеткіліксіз бөлінуінен астықты көбінесе аңыз үстіне төгіп кетуге мәжбүр болып жүр.

Колхоздарда астықты тазарту, кептіру жұмыстары да өз дәрежесінде жүргізілмейді. Мәселен, «Новый быт» колхозында астық тазартқыш машиналардың қуаты өнімсіз пайдаланылады. Қырманда жұмыс істейтін колхозшылардың еңбегі нашар ұйымдастырылған. Колхоз басшылары астық тазартушылардың күндіз талсырмаларды толық орындауын талап етпейді. Оларды керекті құрал-саймандармен жабдықтамайды. Мұның өзі колхоз қырмандарында мыңдаған центнер астықтың тазартылмай және мемлекеттік дайындау пункттеріне жеткізілмей қырманда тау-төбе болып үйіліп қалуына әкеліп соғып отыр. Қырманда астықтың көптігіне қарамастан бұл колхоз кейбір күндері

мемлекетке астық тапсыруға қатыспай қалады.

МТС қамтуындағы 4 колхоздан мемлекеттік дайындау пункттеріне астық тасуға 34 жұк автомашинасы бөлінген. Егер бұл машиналарды астық тасуға пайдалануды дұрыс ұйымдастырған жағдайда күн сайын 450—500 центнер астық тасуға болады. Бірақ, шын мәнінде жұк автомашиналарын пайдалану ісі нашар болып келеді. Алдымен, машиналардың көпшілігі техникалық жарамсыздықтан босқа қарап тұрады. Мысалы, «Новый быт» колхозына бөлінген автомашиналардың екеуі бір айдан астам босқа қарап тұр. Ол машиналарды жөндеу жөнінде МТС директоры Макаров жолдас ешбір шаралар қолданбай-ақ келеді. Сол сияқты, МТС басшылары шоферлардың алған міндеттемелерін орындауына басшылық жасамайды. Олардың жұмыстарының нәтижелерін қорытындылап отырмайды. Еңбек тәртібі нашар. Кейбір шоферлар автомашиналарды техникалық жағынан күтуге жауапсыз қарайды. Сичинкин, Реутов, Матвеев, Степанов сияқты шоферлар егін жыйнау басталғаннан бері уақыттың көбін өз машиналарын жөндеумен өткізіп келеді. Ал, кейбір шоферлар МТС басшыларының жіберген колхозына бармай, өз бетімен кетіп қалып жүр. Шофер Бадулиннің машинасы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозынан астық тасуға бөлінген. Бірақ, ол бұл колхозға бармай, астықты «Красное поле» колхозынан тасуға ауысқан. МТС басшылары жекелеген шоферлардың мұндай тәртіп бұзушылығымен келісіп отыр.

Егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын ойдағыдай өткізу техника қуатын өнімді пайдалануға тығыз байланысты. Мұны Сартомар МТС-і мен оның қамтуындағы колхоздардың басшылары естен шығармауға тиіс. Сөйтпек, техника қуатын пайдалануда орын алып келген кемшіліктерді жоюдың шұғыл шараларын жүзеге асырулары қажет. Бұл егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын әрі тез, әрі сапалы өткізуді қамтамасыз етеді.

С. ҚАЮМОВ.

Егін жыйнауды аяқтады

Октябрь ауданындағы «Қызыл ту» колхозы «Сталинец-6» комбайнмен бір маусымда

Астық дайындау жоспарын орындады

Киров атындағы астық совхозының (директоры Дьяченко, партия ұйымының секретары Овчаренко жолдастар) коллективі егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарын комплексті механикаландырды. Мұның өзі совхоздың шаруашылықтың бұл саласында зор табысқа ие болуын қамтамасыз етті.

Совхоз егін жыйнауды мерзімінде аяқтап шықты. Коллектив мүшелері астық дайындауды да ұйымшылдықпен жүргізді. Қырмандағы жұмыстар — астық тазарту, астық тиеу толық механикаландырылды. Совхоз шоферлары мемлекетке астық тасуды теулік бойы жүргізіп, автомобильдерді жұмысқа тиімді пайдаланды. Осының нәтижесінде совхоз мемлекетке 334.950 пұт астық тапсырып, жоспарды асыра орындап шықты. Совхозда келесі жылдың егісі үшін тұқым қоры жеткілікті мөлшерде дайындалды.

Мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарын Тоқшын совхозының (директоры Мейрбеков, партия ұйымының секретары Скопенко жолдастар) коллективі де артық орындап отыр. Әсіресе, Овчинников жолдастың басқаруындағы № 3 бөлімшенің коллективі зор табысқа ие болды. Мұнда егін ысрапсыз жыйналды. Бөлімше мемлекетке астықты жоспарланған мөлшерден едәуір артық тапсырды. Совхозда әсіресе, комбайншы Никулин жолдастың еңбегі ерекше көзге түсті. Ол өздігінен жүретін комбайнмен күніне 20 гектардан егін жыйнады.

Совет ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозының (председателі Садилов, партия ұйымының секретары Бовренко жолдастар) колхозшылары егін жыйнау мен астық дайындауды Шағлы МТС-нің механизаторларымен бірлесіп жүргізіп, мемлекетке міндетті астық тапсыру жоспарын, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын толық орындап шықты.

Петропавл ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың колхозшылары міндетті астық тапсыру жос-

ісіне баса көңіл аударуды басты міндеттердің бірі етіп қойды.

Партия мен үкметтің әжелік қамқорлығы арқасында бұл күндері облысымыздағы жаңа ұйымдастырылған совхоздардың көпшілігі өздерінің саулетті жаңа поселкелерін салуда. Бұған мысал ретінде Булаев ауданындағы Маленков атындағы, Жданов атындағы және Булаев астық совхоздарындағы жағдайды айтуға болады. Бұл совхоздардың жұмысшылары құрылыс жұмыстарында зор табыстарға ие болды. Көзіргі уақытта олардың көпшілігінің тұрғын үйлері бар, патриоттар өздеріне жеке меншікті үй салып алу үшін мемлекеттен ұзақ мерзімге қарыз алып та отыр. Қоғамдық мекемелер мен орындар үшін құрастырмалы үйлер салу жұмысы да қызу жүргізіліп жатыр. Егіншілер мен механизаторлардың тұрмыстық қажеттерін өтеу жұмысына ойдағыдай көңіл бөлінген. Әсіресе, асханалар, монша үйлері, демалыс орындары үшін үйлер салу жұмыстары совхоз басшыларының қызу қолға алған істерінің бірі болды.

Тың және тыңайған жерді игеруге өз еріктерімен келген патриоттардың мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсарту беру — мемлекеттің зор маңызы бар міндет. Бұл жұмыста ешқандай көзбояушылыққа, бюрократтыққа, жауапсыздыққа жол беруге болмайды. Солай бола тұрса да, облысымыздың бірқатар совхоздары мен колхоздарында патриоттарға қамқорлық жасау ісі нашар болып отыр. Бұл жағдай бірқатар басшылардың шаруашылық жұмыстарға баса көңіл аударып, еңбек адамдарының мәдени-тұрмыстық қажетін өтеу сияқты маңызды іске мән бермеушілігінен туған іс. Бұған мысал ретінде Держинский атындағы жаңа ұйымдастырылған астық совхозындағы жағдайды

нашар. Сол сияқты, сауда тәртібін бұзу сияқты фактілер де орын алған. Облыстық тұтынушылар одағының председателі Писеевков жолдас жаңа совхоздарда сауда жұмысын жолға қоюдың орнына, бұл кемшіліктерге төзімділік жасап келеді.

Тың және тыңайған жерлерді игерушілердің мәдени-тұрмыстық қажетін өтеуде облыстық денсаулық сақтау бөлімі мен облыстық байланыс мекемесіне зор міндеттер жүктелген. Көзіргі уақытта жаңа ұйымдастырылған барлық совхоздарда аурухана үйлері бар. Бірақ, облыстық денсаулық сақтау бөлімі осы уақытқа дейін оларды дәрігер кадрларымен жабдықтау ісін аяқтай алмай отыр. Сол сияқты, жаңа совхоздарды электрлендіру, телефондандыру және радиоландыру жұмыстарының да барысы нашар.

Пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы облыс еңбекшілері бүкілхалықтық міндет — елімізде азық-түлік молшылығын жасау, өнеркәсіпті шикізатпен қажетінше қамтамасыз ету күресіне өздерінің келелі үлестерін қосуда. Ал, олардың мәдени-тұрмыстық қажеттерін барынша толық қанағаттандыру үшін барлық мүмкіншілікті жасау жергілікті партия ұйымдарының, облыстық ауылшаруашылық бөлімі мен совхоздар тәрізіндегі маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Өйткені, адамдар үшін қамқорлық жасау дегеніміз еңбекте табысқа жетудің кепілі.

Бұл күндері облысымыздың еңбек далаларында жаңа совхоздардың поселкелері күннен-күнге көркейіп, оңдағы құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде. Бүкілхалықтық бұл іске өз үлестерін қосып жатқан патриоттар үшін қамқорлықты күшейте беру — аса маңызды міндет.

С. Х. Қасым Ходжаев жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

С. Х. Қасым-Ходжаев жолдасының туғанына сексен жыл толуына байланысты және оның Өзбекстанның революциялық қозғалысқа белсене қатысқаны ескеріліп Сұлтан Ходжа Қасым-Ходжаев жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі (К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль.
20 сентябрь, 1954 жыл.

Қант қызылшасын жыйнау басталды

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Облыстың колхоздары қант қызылшасын қазуға кірісті. Оның шығымдылығы быйыл өткен жылғыдан едәуір жоғары болды. Механизаторлар қызылша жыйнайтын 60 комбайнды және көптеген тракторға тіркелетін қызылша қазғыштарды плантацияларға алып шықты.

Жамбыл ауданының «Красный звезда» ауылшаруашылық артелінің колхозшыла-

ры қант қызылшасын қысқа мерзімде жыйнауға міндеттенді. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы Кәрімбай Мырзақұловтың бригадасы жыйналған қызылшаның әр гектарынан 500 центнерден астам өнім алды.

Жаңа өгіннің қызылшасы тиелген алғашқы көруендер қабылдау пункттеріне жүріп кетті.

Қамтамасыз етті. Егінде 100 гектар зябгі Мальцевтің әдісі бойынша 40-45 сантиметр тереңдікте қайырмасыз плугпен жұртты.

Олар — озаттар

Ленин атындағы колхоздың (Конихов ауданы) колхозшылары мен осы колхозда егін жыйнап жүрген Чистян МТС-нің механизаторлары егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын тез аяқтау мақсатымен қанаймай еңбек етіп келеді.

Дәнді дақылдарды жыйнауға механизаторлар еңбек өнімділігін барған сайын арттыра түсуде. Комбайншы Сахмохвалов, Шуцкий жолдасар соңғы кезде тәулік бойына 18-20 сағат тоқтаусыз жұмыс істеп, 32-34 гектардан егін жыйнап жүр.

Механизаторларымен тығыз ынтымақта жұмыс істей отырып, егін жыйнау мен астық дайындауды алғашқы күннен бастап қызу жүргізді. Колхоз егіншілері әсіресе, комбайн қуатын күні-түні бірдей өнімді пайдалануды қамтамасыз етті. Комбайн агрегаттарын қамту ісі дұрыс жолға қойылып, комбайншылардың күндік және бескүндік тасырмаларды үнемі асыра орындауларына жағдай жасалды. Осының нәтижесінде колхоз дәнді дақылдарды жыйнау жұмысын 16 сентябрьде толық аяқтады.

Егін жыйнауға еңбек өнімділігін еселеп арттырумен ерекше көзге түскен комбайншылар аз емес. Мәселен, комбайншы Ө. Әділбаев күндік тасырмасын үнемі біржарым, екі есе етіп орындап жүрді. Ол

башы А. Астауов жолдас «Прогресс» «Сталинец-6» комбайнымен күн сайын 50-55 гектар егін жыйнап, 550-600 центнер астық бастыруға жетісті. Сол сияқты, комсомолец К. Әбішев жолдас та «Сталинец-6» комбайнымен күндік тасырмасын үнемі асыра орындады.

Ленин атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздары да егін жыйнауға барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыра отырып, бұл жұмысты алдыңғы қатардағылардың бірі болып аяқтады. Бұл колхоздарда жұмыс істеген Торангүл МТС-нің механизаторлары машина қуатын өнімді пайдаланып, еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгісін көрсетті.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.
(Өз тілшіміз).

орындады.

Көзір аталған колхоздар мемлекетке астықты көптеп сағуда.

4300 центнер

«Луч Ленина» колхозының астығын орып жүрген Петропавл МТС-нің комбайншысы Кель жолдас өзінің алған міндеттемесін асыра орындап, егін жыйнау жұмыстарын аяқтады. Ол егін орағы басталғаннан бері «Сталинец-6» комбайнымен 786 гектар егін орып, 4300 центнер астық бастырды. Егін жыйнау жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтау ісіне штурвалшы М. Бархатов, тракторшы И. Новиков жолдасар да үлкен үлес қосты.



ЖАҢА ТЕМІРБЕТОН БҮЙІМДАР ЗАВОДЫ

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Кеншілер поселкесі Шорбайғұраға жақын жерде үлкен темірбетон бұйымдар зауытының құрылысы аяқталып келеді. Коголь, арматура мастерскойларының үйлері және құм мен қыйыршық тас тиелетін үйлер салынды. Электр сымның жолы жалғастырылды. Су проводы тартылып жатыр. Зауод қатарға қосылғаннан кейін Қарағанды бассейнінде темірбетон бұйымдар өндіру он есе артады. Өнеркәсіптік құрылыс үшін үлкен бөлшектердің арасы қуыс төсеніштер мен төсемдер, жұқа қабырғалы плиталар мен темірбетон трубалар шығару есебінен олардың ассортименті көбейеді. Кәсіпорын жыл сайын 20 мың текшеметрге дейін бұйымдар беретін болады.

Қарабас поселкесінде құрастырмалы үлкен панельді темірбетон бұйымдар жасайтын жаңа завод салына бастады. Бұл заводтың өнімі жыл сайын төрт қабатты 15 тұрғын үй салуға мүмкіндік береді. Зауод жұмыспен бірге шахталардың жер үстіндегі құрылыстарының комплексінен де жасайтын болады.

АРАЛ ПОРТЫНДА

АРАЛ. (ҚазТАГ). Аралда жаңа өгіннің өнімін тасу күннен-күнге күшеюде. Арал портында көзіргі өзінде бірнеше ондаған баржаларға астық тиелді. Бұл астық Тахиа-Ташқа апарылады. Онан астық темір жол арқылы Түркменстан мен Өзбекстанға жіберіледі.

Порт астық тасуға үлкен әзірлік жұмысын жүргізді. Қойма маңындағы 1.500 шаршыметр алаң асфальтталды. Сегіз тұрақты транспортер қойылды.

Портшылардың жарысында Токмағамбетовтың бригадасы жоғары өнімді жұмыс істеп көзге түсіп келеді. Бұл бригада жұк тиеудің және жұк түсірудің августтағы жоспарың екі есе асыра орындады.



Семей облысы, Абай аудандық мәдениет бөлімінің № 1 қызыл отауы «Қызыл ту» колхозының алыстағы малотарын қамтйды. Қызыл отаудың кітапханасында 3 мың дана кітап, сол сияқты, стол үстінің ойындары, музыкалық аспаптар бар.

СУРЕТТЕ: Қызыл отау үйінің ішкі көрінісі. Суретті түсірген В. Мирясов. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Шабындық және жайылымдық жерлердің қыртысын тілгілеу

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Балқашин совхозының бірінші бөлімшесінің кең жайылымдықтары быйыл басқа жерлерге қарағанда шөбінің ерекше қоюлығымен көзге түсті. Мұнда шөптің шығымдылығы үш есе жоғары болды. Бұл жердің қыртысын тілгілеу жолымен қар суын және жаңбыр суын топыраққа сіңірудің агротехникалық жаңа тәсілін қолданудың нәтижесі. Бұл тәсілді ССРО Совхоздар министрлігінің инженері П. Волков ұсынды. Көзір жаңбыр жуып және қар суын сіңіру үшін бес мың гектар шабындықтар мен жайылым-

дықтардың қыртысын тілгілеу ұйғарылып отыр.

Совхоз механизаторлары кәдімгі трактор плугтерінің түрлендерінің орнына ұшы өткірленген жұқа табақ болаттан жасалған арнаулы пышақтарды орнатты. Тілгілегіш пышақтың төменгі жағы алдына қарай қайырылған. Пышақтар бірінші және бесінші түрлендердің орнына орнатылады. Плуг жүргенде тереңдігі 60 сантиметрге дейін болатын бір-бірінің аралығы 140 сантиметр кішкене жыралар жасалады.

ӘР ГЕКТАРЫНАН 30 ЦЕНТНЕР АСТЫҚ ЖЫЙНАЛУДА

ДЕМБЯНОВКА (Қостанай облысы). (ҚазТАГ). Ұзынғөл ауданының Чкалов атындағы колхозында жұмыс істеуші Ново-Покров МТС-інің комбайншысы Казя Кананин тың жерде өсірілген егінді жыйнап болды. 150 гектар егіннің әр гектарынан 30 центнерден бидай алынды. Мұндай мол өнім — топырақты өңдеудің жоғары агротехикасың қолданудың нәтижесі. Яңешкөнің трактор бригадасы бұл тың жер участогін өткен жылы июльде жұртқан болатын. Механизаторлар 20 күннен кейін жұрттылған жерді төрт рет тырмалады, ал бір айтан соң бораздаларды көлденеңін дискіледі. Бөктемде тұқым себер алдында участок екі ізде тырмаланып, оған бидай тоғыспалы әдіспен егілді.

Осы аудандағы Сталин атындағы, Аманжолді атындағы және басқа колхоздар игерілген көп көлемді тың жердің әр гектарынан 18-25 центнерден астық жыйнауға.

КОЛХОЗ ҚАБЫРҒА ГАЗЕТИНІҢ 400-ШІ НОМЕРІ

ИЛЬИЧ (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Ильич ауданының «Прогресс» ауылшаруашылық артелінде колхоздың «Рассвет» қабырға газетінің 400-ші номері шықты. Газет 18 жыл бойына дерлік айына екі рет шығып келеді. Көзір оған қосымша ретінде фотогазет шығарылады.

Газеттің тұрақты 90 тілшісі бар, олар озат тәжірибені насихаттайды, артта қалушыларды сынайды. Колхоз партия жыйналысының атап көрсеткеніндей, «Рассвет» газеті бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы артельдің табысқа жетуіне зор еңбек сіңірді. Редакция алқасы авторлар активін көбейту үшін ай сайын село тілшілерінің кеңесін өткізіп отырады.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

АШЫҚ ПАРТИЯ ЖЫЙНАЛЫСТАРЫН ЖИІ ӨТКІЗУ КЕРЕК

Бастауыш партия ұйымдары өзінің бүкіл жұмысында еңбекшілер бұқарасымен байланысын оңашан нығайтып отыруға тиіс. Бұл міндетті орындауда ашық партия жыйналыстарын өткізудің маңызы зор. Онда партияда жоқ активтер коллективтің алдында тұрған саяси-шаруашылық міндеттерді шешуге қатысып, саяси-тәрбие алады.

Сондықтан ашық партия жыйналысына тыңғылықты әзірлену және оны жоғары дәрежеде өткізу қажет. Әдетте, күн тәртібіне толғаты жеткен мәселелер қойылып, оны талқылау қызу өткен жағдайда коммунистер мен партияда жоқ активтердің партия жыйналысының қаулысын орындау жолында белсенділіктері артып, өздеріне тапсырылған жұмысқа жауаптылық сезімінен қарайды. Бұл жөнінде Булаев ауданының партия ұйымының өмірінен көптеген мысалдар келтіруге болады.

Мәселен, Коминтерн атындағы колхоз партия ұйымында (секретары Горбылев жолдас) партия жыйналысы ай сайын өтіп, онда колхоз өмірінің түбірлі мәселелері талқыланады. Мұнда жабық партия жыйналыстарымен бірге, ашық партия жыйналыстары да жиі өтеді. Ашық партия жыйналыстарында артель өндірісінің жайы, комсомол ұйымының жұмысы, социалистік жарыстың барысы жөніндегі мәселелер талқыланады. Партия жыйналысының күн тәртібіне қойылған мәселелерді дайындауға коммунистер көптеп қатысады.

Жазы күні партия ұйымы өзінің ашық жыйналысында СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысының орындалуы жөнінде мәселе талқылады. Жыйналыстың алдында 10 күн бұрын бір топ коммунистерге мал қораларының құрылысын, малшылар арасындағы еңбек тәртібінің жайын тексеру, егіс бригадаларының егін жыйнауға әзірлігімен тапсырылды. Коммунистер партиялық тапсырманы орындауға белсене қатысты. Олар мал фермалары мен егіс бригадаларында болып, ондағы жұмыстың нақтылы жайымен танысты. Колхозшылармен өңімелесіп, артель өндірісін ұйымдастыру жөнінде пікір алды.

Партия ұйымының секретары Горбылев жолдас ашық партия жыйналысы қашан және қайда өтетіні, оның күн тәртібіндегі мәселе жөнінде коммунистер мен партияда жоқ колхоз активтерін бір ата бұрын хабарлады. Алдын-ала жүргізілген әзірлік жұмыстары ашық партия жыйналысында мәселені жан-жақты талқылауға, жұмыста орын алған кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгілеуге көмектесті. Жыйналыста коммунистермен бірге партияда жоқ жолдастар

айтты. Партия жыйналысы мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын ұйымдастыруда орын тепкен кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

Партия жыйналысының қаулысын жүзеге асыру мақсатында егіс бригадалары мен мал фермаларында өндірістік кеңестер өткізілді. Бір айdan соң партия ұйымының секретары кезекті партия жыйналысында ашық партия жыйналысы қатарының орындалуы жөнінде хабарлады. Партия жыйналысының қаулысын орындауға коммунистер мен партияда жоқ активтердің белсене қатысуы колхоздың егін жыйнау маусымына тыңғылықты әзірлікпен кірісуіне көмектесті.

Осы сияқты, Возвышен, Совет астық совхоздарының, «Гигант» ауылшаруашылық артельінің партия ұйымдарында ашық партия жыйналыстары жиі өтеді. Бұларда жыл басынан бері 4—5 рет ашық партия жыйналыстары болды.

Возвышен астық совхозы партия ұйымының ашық жыйналысына өндірістік мәселелермен бірге, партия қатарына алу жөніндегі өтініштер, коммунистердің жеке істері жөніндегі мәселелер қойылады. Осы айда өткен ашық партия жыйналысында үш мәселе талқыланды: 1) Нижулин жолдасы партия мүшелігіне кандидаттыққа алу туралы; 2) совхозта мал азығын дайындаудың барысы туралы; 3) бұқаралық-саяси жұмыстың жайы туралы. Партия мүшелігіне кандидаттыққа алу жөнінде Нижулин жолдасының өтінішін талқылағанда партияда жоқ жолдастар Свиначев, Катков өздерінің сөздерінде коммунистерге, оның семьяда және көпшілік орындарында өзін дұрыс ұстамайтынын, маскүнемдікке салынып беткейін жоғалтқанын айтты. Сөйтіп, олар партия ұйымына Нижулиннің жеке басының кемшіліктерін терең ашуға, партия қатарына өту жөніндегі өтінішін қабылдамауға жәрдемдесті.

Сентябрь айының бірінші 10 күндігінде «Гигант» колхозында егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсырудың қарқыны баяу болды. Бұл кемшілікті жою үшін партия ұйымы ашық партия жыйналысын шақырып, онда егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жөнінде колхоз председателі Власюк жолдасының өсиетін тыңлады. Жыйналыста коммунистермен бірге партияда жоқ активтер Гаушко, Зубенко жолдастар қызу сөз сөйлеп, жұмыстағы кемшілікті батыл ашты. Власюк пен агроном Петухов жолдастар астық тазалауды ұйымдастыра алмай бетімен жіберген. Олардың бұл жұмысқа тікелей кінолі өкені анықталды. Партия жыйналысы Власюк жолдасқа партиялық жаза беріп, егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының қарқынын күшейту жөнінде шаралар белгіледі.

өткізуде елеулі кемшіліктерге жол беруде. Көп жерлерде партия жыйналыстары оғта-текте ғана шақырылып, оған күні бұрын әзірлік жұмыстары жүргізілмейді. Осының салдарынан көп реттерде коммунистердің жыйналыста белсенділігі төмен болып жүр.

Карл Маркс атындағы колхоз партия ұйымында жақында егін жыйнау жұмысының барысы жөнінде мәселе талқыланды. Жарыссөзде небары екі-ақ адам сөз сөйледі. Өйткені, коммунистер жыйналысқа күн тәртібінде қандай мәселе қаралатынын білмей келген. Жыйналысты бұлай өткізуден пайда шамалы.

Кейбір партия ұйымдары жыйналысты өте сирек өткізіп, күн тәртібіне бірнеше мәселе қояды. Бұл да дұрыс емес. Коммунистер жыйналыста тек баяндамалар мен хабарларды тыңдаумен болып, жалығады да, мәселелерді жан-жақты шеше алмайды. «Красное знамя» колхозының партия ұйымы июль айында өткізген бір жыйналыста 6 мәселе қараған. Ол мәселелердің бәрі біртектес: шөп шабу жұмысының барысы жөнінде бригадалардың есебін, ауылшаруашылық машиналардың жөндеу туралы колхоз председателінің есебін тыңдау сияқты. Жыйналыс бірнеше сағатқа созылып, ауыл шаруашылығы жұмыстарының жайын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгіленбей жалпылама қаулы алынған. Егер күн тәртібінде ең маңызды бір-екі мәселе ғана қаралса, жыйналыс анағұрлым жоғары дәрежеде өткен болар еді.

Ендігі бір кемшілік сол — кейбір партия ұйымдары ашық партия жыйналыстарының ролін жете бағаламайды, сөйтіп тек жабық партия жыйналыстарын өткізуді дағдыға айналдырған. Мұндай практика біріншіден, партия ұйымдарының бұқарамен байланысын әлсіретеді, екіншіден, кейбір мәселелерді үстірт шешуге әуеп соғады. Мәселен «Вторая пятилетка» колхозының партия ұйымы СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысы тек жабық партия жыйналысында талқыланып, партияда жоқ активтерді мұндай маңызды мәселені тыс қалдырған. Партия ұйымы СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысы жөнінде ашық жыйналыс өткізіп, партияда жоқ активтердің ұсыныстары мен пікірлерін ескерсе, мәселе анағұрлым терең шешілген болар еді. Бірақ, амаз не, партия ұйымы мұны ескермеген.

Партия ұйымдарының колхоз, совхоз өндірісіне басшылығын жақсарту беру мақсаты, бұқарамен байланысты күн сайын нығайтып отыруды талап етеді. Сондықтан ашық партия жыйналыстарын жиі және жоғары дәрежеде өткізіп, партияда жоқ активтерді партия ұйымының төңірегіне топтастыра беру керек. Бұл бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.



Павлодар облысы, Лозов ауданындағы Сталин атындағы колхоз үстіміздегі жылы тарыдан мол өнім алуда. Тары жыйнауға Турксиб МТС-нің механизаторлары елеулі табыстарға жетіп келеді. Комбайншы комсомолка Галина Ворздая күн сайын 2—3 норма орындайды.

СУРЕТТЕ: колхоз агрономы Н. Ермакова (сол жақта) мен Г. Ворздая орылатын учаскторді байқап жүр. Суретті түсірген В. Мирясов. (ҚАЗТАГ-тың фотохроникасы).

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

22 сентябрьде көрменің конференц-залында Рязань облысы, Конобеевск ауданы, Сталин атындағы колхоздың председателі, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты Дюдяев жолдас бақша өсірудегі көп жылдық тәжірибелерін ортаға салды. Бақша шаруашылығындағы табыстары үшін шаруашылық 1939 жылдың өзінде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде екінші дәрежелі диплом алды. Көзір колхоз көрмеге тағы да қатысып отыр. Бұл көп салалы үлкен ауылшаруашылық артельінде бақша 200 гектар жерді алады. Мұнымен бірге, жидек-жеміс питомнигі үшін 87 гектар жер бөлінген. 1953 жылғы 3.600 мың сом кірістің 1.700 мың сомы алма және түрлі жемістер сатудан алынды. Бұрыннан жеміс беріп келген бақшаның әрбір 70 гектарынан жыйналған алма орташа алғанда 55 центнер болды.

Қоғамдық шаруашылықтың басқа да салалары, әсіресе, мал шаруашылығы қызу өркендеуде.

Дюдяев жолдас колхоз бағбандарының қолданып жүрген агротехикасын туралы айтты. Бақшада жерді күзде жыртады, көктемде — тырмалайды. Жазды күндері араштардың қатараралықтарын 3—4 рет культивациялайды. Араштарды минералды тыңайтқыштармен қоректендіреді. Өсімдіктерге зиянды жәндіктерге қарсы күрес жүргізуге зор көңіл бөлінеді. Қыс-

Ауыр жүк тиелген составтар санын көбейте береміз

Петропавл паровоз депосының жұмысын әлі де болса ойдағыдай деп айтуға болмайды. Мұндағы кемшіліктердің бірі — депода озат жаңа әдістерді жыйнақтал, өндіріске енгізудің жеткіліксіз болып келгендігі. Бір уақытта паровозшылар ауыр жүк тиелген составтарды алып жүрушілердің социалистік жарысын бұқаралық жарысқа айналдыру жөнінде бағалы инициатива көрсеткен еді. Бірақ, бұл бағалы бастама депоның партия ұйымы мен шаруашылық басшылары тарапынан деркезінде қолдау таппады. Соның салдарынан 1953 жылдың ішінде небары 3100 ауыр жүк тиелген поезд ғана жүргізілді. Сөйтіп, өткен жылы 1952 жылмен салыстырғанда ауыр жүк тиелген поезддардың саны 50 процент кеміп кетті.

Екекі нормаларды іс жүзінде бұзып, жоғары көрсеткіштерге жеткен жаңашыл машинистерді қолдау қанағаттанғысыз болды. Олардың жұмысына бөгет болып отырған кедергілерді жою жөніндегі паровозшылардың үніне жол бөлімшесі мен саяси бөлімнің басшылары құлақ аспады.

Паровоз депосының партия комитеті соңғы кезде ауыр жүк тиелген поезддарды жүргізудегі кемшіліктерді жою, бұл жұмысты жақсарту жөніндегі бірқатар шаралар белгілеп жүзеге асырды. Партия комитеті шаруашылық жұмыстарға бақылауды күшейтіп, партиялық-саяси жұмысты, паровоз бригадаларымен байланысты нығайта түсті.

Партия комитеті коммунистермен, комсомолецтермен, Демидов, Воронков, Трубин, ский, Абрамов, Леонтьев сияқты озат паровозшылармен және басқа да озаттармен кеңесе отырып, ауыр жүк тиелген поезды алып жүрушілердің қозғалысын өрістетудің шараларын белгіледі.

Машинист Бубенчик жолдас соңғы айлардың ішінде депода бірінші болып 4 мың тонна ауыр жүк тиелген поезд алып жүрді. Жол бөлімінің бастығы машинистің бұл талабын қолдады да, Бубенчикті сапары ойдағыдай аяқталғаннан кейін партия комитеті жаңашыл машинистің жұмыс тәжірибесін зерттеуді ұйымдастырды. Үгітшілер озат тәжірибені теміржолшылар арасына кеңінен түсіндірді.

Ауыр жүк тиелген составтарды алып жүруші машинистердің саны біртіндеп көбейе бастады. Мәселен, машинист Нечипуренко жолдас 4200 тонна ауыр жүк тиелген поезды алып жүруге міндеттеме алып, ол міндеттемесін аброймен орындады. Сол сияқты, машинист Хазов жолдас та Петропавлдан Макушинге дейін ауыр жүк тиелген составты кезінде жеткізіп, өзінің сөзін іспен бекітті.

Ауыр жүк тиелген составдарды алып жүруші машинистер қозғалысын дамыта беру үшін күресте коммунистердің алқаратын ролі туралы паровозшылар цехы партия ұйымының жыйналысында ар-

жүк тиелген поездарды алып жүруші таңдаулы машинистердің бірі.

Ониан астам паровоз бригадалары ауыр жүк тиелген поездарды алып жүру жөнінде тілек білдіріп, нақтылы міндеттемелер алды. Мәселен, машинист коммунистер Слюшко, Ключев, Воронков, Кокарев, Леонтьев жолдастар 1954 жылдың ішінде ауыр жүк тиелген 40-50 поездар алып жүруге міндеттемелер алды. Олар алған міндеттемелерін көзір аброймен орындап келеді.

Паровозшылардың патриоттық бастама-сына басшылықты жақсарту беру мақсатымен партия комитеті паровоз депосының бастығы Поляков жолдасының «Ауыр жүк тиелген поездарды алып жүру жұмысын жақсарту шаралары туралы» баяндамасын тыңлады. Партияның бұл мақсатына ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруші коммунистер Леонтьев, Бубенчик, Воронков, Демидов жолдастар және нұсқаушы машинистер, комитеті бригадалардың бригадирлері, мастерлер мен инженерлер қатыстырылды. Ауыр жүк тиелген поездарды алып жүрудің жайы туралы 12 адам өздерінің нақтылы ұсыныстарын енгізіп, бұл жұмыстағы кемшіліктерді сныады.

Бұдан бұрынғымен салыстырғанда көзір паровозшылар ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруге күшітері әзірленетін болды. Партия комитеті ауыр жүк тиелген составтар жүргізілетін аудандық бригадалар мүшелерімен өңіміне өткізуді, сапарға әзірліктің барысына тексеруді ұйымдастырып отырады. Мұндай әңгімелер Гамов, Станковский, Швиденко және Шандыбин жолдастар сияқты паровозшылармен өткізілді. Атаған коммунистер көзір ауыр жүк тиелген составтарды ойдағыдай алып жүруге.

Партия ұйымы коллектив мүшелерінің саяси белсенділігі мен еңбек орлеуін үнемі қолдап отыруға тырысады. Мұнан бірер ай бұрын ауыр жүк тиелген поезды алып жүруші комсомолец Демидов жолдас үнемделген отынның есебінен бір айдың ішінде қосымша үш-төрт поезд алып жүру жөнінде патриоттық ұсыныс енгізді. Машинист комсомолец Демидов жолдас еліміздің таңдаулы паровозшыларының үлгісі бойынша жұмыс істеп, озат тәжірибені біздің депода да қолдануға болатындығын нақтылы іспен дәлелдеп берді. Ол бір айдың ішінде 21 тонна отын үнемдеп, келесі айда үнемделген отынмен қосымша үш поезд жүргізді. Демидов жолдас-тың бастамасын партия комитеті мақұлддап, таңдаулы машинистің ауыр жүк тиелген состав жүргізу, отынды үнемдеу, үнемделген отын есебінен қосымша сапарға шығу жөніндегі іс тәжірибесі қорығылып, ол туралы паровозшыларға баяндама жасалды, әңгімелер өткізілді, қабырға газеттерін жазылды. Көптеген машинистер Демидов жолдасының үлгісі бойынша жұмыс істеп, үнемделген отын есебінен поездар алып жүруге міндеттемелер алып, іске жұмыла кірісті.

Партияда жоқ активтер Навотнын және Саласюк жолдастар № 3 егіс бригадасы және оның бригадирі Юренков жолдастың жұмысындағы кемшіліктерді дұрыс ашып, бригаданы еңбек тәртібінің нашар екенін

Бұл мәселелердің бәрі ашық тәртіпте жыйналыстары өткізудің маңызы зор екенін баяндайды. Алайда, кейбір партия ұйымдары партия жыйналыстарын, әсіресе ашық партия жыйналыстарын

В. ЗАБОЛОЦКИЙ,
ҚКП Булаев аудандық комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі.

ПАРТИЯ ОҚУ ЖЫЛЫН ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН БАСТАЙЫҚ

Полудень ауданында партия оқуы жүзіндегі жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары кеш басталды. Осы себепті кейбір бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары партия оқуы жүйесіндегі ертілік принципін жете түсінбей келеді.

Мәселен, орман шаруашылығының партия ұйымының секретары Носенко жолдаас ұйымдары 7 коммунистің күні бүгінге дейін қайда оқыйтынын білмейді. Мұндай жағдай Аманжолды атындағы колхоз партия ұйымынан да кездесіп отыр. Қол-

хоз партия ұйымының секретары Ешманов жолдаас насихатшы жоқ деген желеумен бекте ұстап, коммунистердің бәрі де өздігінен оқиды дегенді айтады. Бірақ, ол коммунистердің қандай материалдары өзінің өзі оқып үйренетіні жөнінде ештеңе білмейді. Олардың тілектеріне қарай марксизм-ленинизм мәселелері жөнінде жалпыға түсінікті лекциялар ұйымдастыру, консультация жасау жұмыстары жоспарланбаған.

Аудандық партия комитеті партия оқу

жылын ұйымшылдықпен бастау үшін бұл жұмыста орын алып отырған кемшіліктерді дереу жоюға тиіс. Қалған аз уақытты дұрыс пайдаланып, әрбір бастауыш партия ұйымдарына коммунистердің оқуын ұйымдастыру жөнінде практикалық көмекті күшейту қажет. Жұмысты осылай ұйымдастырған күнде ғана партия оқу жылын ұйымшылдықпен бастауға болады.

А. ҚАПАРОВ.

ғыздан үйеді. Осының нәтижесінде көктемде қар бауы ериді. Ал, ағаш өдеттегіден бір екі апта кеш гүлдей бастайды, мұның өзі гүлдей бастаған бақшаны көктемгі суықтардан сақтап қалуға мүмкіндік береді.

«Урал» павильоны жаңа, қызықты экспозициялармен толықтырылды. Мұнда Свердлов облыстық жидек-жеміс көрмесіне қойылған ағамалар мен алмұрттың сексен түрлі сорттары өкелінді. Булардың ішіндегі сорттардың көпшілігін Уралдың бағбандары өсіріп шығарған. «Жер шаруашылығы» павильонында агроном В. В. Изосимовтың егінші-жанашыл Т. С. Мальцев ойлап тапқан жерді өңдеудің және дөңді дақылдарды себудің жүйесі туралы лекцияны тыңдауға көп адам жыйналды. (СОТА).

шаруашылық мәселе қаралып, талқыланды. Жыйналыста ауыр жүк тиелген поезды алып жүруден бас тартқан Манюгин сыяқты жеке коммунистердің теріс істері қатаал сынға алынды. Мұндай қателік машинист Серига жолдастың тарапынан да болды. Партия жыйналысында ауыр жүк тиелген составтарды алып жүруші машинистер қозғалысына баға бермеушіліктің қандай түрін болса да қатты сөгіп, бұл қозғалыста коммунистердің партияда жоқ паровозшыларға үлгі болуға міндетті екендігі атап көрсетілді. Дөңді коммунистері бұдан тиісті қорытынды шығарды да. Бір уақытта жаңашыл коммунистер қозғалысын жете бағаламаған паровозшы коммунист Калугин жолдаас өзінің қателігін мойындап қана қоймай, одан тиісті қорытынды шығара білді. Көзір ол ауыр

Біз ауыр жүк тиелген поездар жүргізуші машинистер арасында саяси-тәрбие, ұйымдастыру жұмыстарының әлі де болса ойдағыдай емес екендігін жақсы білеміз. Сондықтан дөңді партия ұйымы орын алған кемшіліктерді бағыл жою отырып, озат машинистердің жақсы іс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыруды, еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысты тыңрылықты ұйымдастырып, дөңді коллективтің жаңа табыстарға бастай беруді өзінің басты міндеті деп біледі.

В. ИСАКОВ,

Петропавл паровоз депосы партия комитетінің секретары.

БУКЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСİNДЕ

„Заветы Ленина“ колхозының стендінде

Буклодақтық ауылшаруашылық көрмесінің «Урал» павильонындағы Курган облысы, Шадрин ауданы «Заветы Ленина» колхозының стендін, бұл нағыз халықтық университеттің жетекші факультеттерінің бірі деп атауға болады. Колхоз ғалымы — Терентий Семенович Мальцевтің табыстарын бейнелейтін стенд өте қызықтырады.

Бұған облыстардың, республикалардың әр түрлерінен жіберілген өкілдер жекелеп те, топтасып та келуде. Павильонға келгендердің көпшілігі Мальцевтің жаңа агротехникасын көріп білумен қатар, оны өздерінде, жергілікті жағдайда қолдануға болатындығын жете біліп шығады.

Стендте Курган облысы, Чапнин ауданы, Комсомол МТС-нің бас агрономы — Никита Терентьевич Жуков түсінік беріп тұр. Бұл ауданның жері жер құнарлылығын арттыру үшін патриоттық қозғалыс туғызған — Шадрин ауданының жеріне көрші болғаны себепті жыйналғандар Терентий Мальцевтің жерлесі агрономның практикалық жұмыста өз тәжірибесінен мысалдар келтіріп айтып тұрған әңгімесін зейін қоя тыңдауда.

Херсон облысынан келген эскурсанттардың бір тобы консультантты айнала қоршап тұр.

— Терентий Семенович Мальцевті колхоз ғалымы деп атайды, — деді Жуков жолдаас, — шындығында да солай. Еліміздегі тұңғыш колхоз тәжірибе станциясына оның директор болғанына төртінші жыл. Бұл ерекше ғылыми мекеменің штаты үлкен емес — төрт-ақ адам. Оның жекелері менталдық базасы — «Заветы Ленина» колхозының даласы. Станцияның ғылыми Советінің құрамындағылар: колхоз председатели, бригадирлер және колхоз агрономы. Ғылыми қызметкерлері — осы ауыл шаруашылығы артелінің көптеген колхозшылары. Олардың барлығы алдымен тәжірибенің колхоздың егіншілік кәсібін, кірісін арттыруға қызмет етуіне ынталы. Мальцев әрі колхоздың егіншісі, әрі тәж-

рибе станциясының директоры. «Тәжірибе арқылы ғылымға» деп аталады Терентий Семенович Мальцевтің кітабы, онда ол өзінің егіннен мол өнім алу жолындағы іс-тәжірибесін толық жазған.

Херсон облысы, Иванов ауданы, Андросов атындағы колхоздың председатели В. П. Дереза консультант сөзін зейін қоя тыңдап, қажет мәселелерді ұқыптылықпен жазып тұр. Бұл жылы оның колхозына Мальцевтің әдісін алғашқы рет енгізу ұйғарылған, сондықтан оған барлық істің жайын жете білу керек. Оны «Заветы Ленина» колхозындағы ауылшаруашылығы егіс жүйесін қолдану жолы ерекше қызықтыра түсуде. Стендте солжақта — төрт танапты, оңжақта, бес танапты ауылшаруашылығы егіс жүйесінің схемасы тұр.

— Көпжылдық шөп қайда, — деп сұрайды председатель.

— Мальцев ауылшаруашылығы егіс жүйесінде оны қажет деп есептемейді, — деді консультант. — Оның агротехникасының ескіден айрықша өзгешелігі де осында. «Заветы Ленина» колхозында және біздің ауданда ұзақ уақыт көпжылдық шөпке ерекше роль берілді. Жекелеген далалық дақылдарды ауыстырмастан еге берсе жер ескіреді, топырақ құрылымы нашарлатады, оның жоғары өнім беруі кемиді, ал көпжылдық шөп ғана жердің құнарлылығын арттырады деп есептелінді.

— Жылдан-жылға көпжылдық шөп үлкен алаңдарға егіліп жүрді. Ол жерлерге колхоз дөңді дақыл еге алмады. Оның үстіне көпжылдық шөптің өнімі төмен болып, одан қажетті мөлшерде жемшөп алынбады. Енді көпжылдық шөп жүйесін ауыстыру, оның орнына жердің құнарлығын арттыратын басқа жаңа «тыңайтқышты» табу ойластырыла басталды. Терентий Семенович біржылдық өсімдік кейбір жағдайда жерді ескіртпегені былай тұрсын, қайта оның құнарлығын молайта түседі деген қорығындыға келді.

— Мальцев ұсынған жаңалық неде? —

деп консультант сұрақ қояды да, оған өзі жауап бере сөйлейді. — Бұл алдымен — қыртысты аудармай терең жыртуда. Мальцев шығарған плугпен жыртықанда жердің барлық қалың қабаты қопсытылады. Енді «жырту» деген сөздің өзі бұрынғы мәнінде емес. Қыртыс аударылып та түспейді. Қайырмасыз плугпен жер жұмыстау 40-тан 60 сантиметрге дейін тереңдікте жүргізіледі. Сонда жердің үстіңгі қабаты ғана емес, астыңғы қабаты да қопсытылады.

— Біздің Курган облысы, Чапнин ауданында жаңа агротехниканың Мальцев системасының қалай қолданылатындығын білгілерің келетін шығар, — деді Жуков жолдаас. — Оны сіздерге айтып берейін. Біз пар жұмыстауға ерекше көңіл бөлеміз. Күз егін жыйнап алғаннан кейін аңызды 7—8 сантиметрге, одан да тереңдікте сыдыра жыртымыз. Көктем піғысымен арамшөптердің шықпауы, оның жойылуы, ылғалдың мол сақталуы үшін тырмалаймыз. Июнь айының алғашқы күндерінде қайырмасыз плугпен терең жыртылған жерлер ізінше тырмаланады. Жаңадан арамшөп өне қалса, алаңды луцильшөпке өңдейміз. Жазда әрбір қажетті маусымда болған жауыннан кейін ылғалды жабу үшін оны жеңіл тырмалаймыз.

Августа бұрынғы жыртылған жерге кесекөлденең бағытта екінші рет тереңдеті қайырмасыз плугпен жырту жүргізіледі. Келесі көктемде ылғалды ұзақ сақтау үшін жерді тырмалап тастаймыз.

Көктемгі егіске кіріспестен бұрын өткен жылғы егін жыйналған аңызда дайындық жүргізіледі. Арамшөкке қарсы күрес егін жыйнаудан кейін де тоқтатылмайды. Ол үшін күз аңыз ұзыннан және көлденеңінен екі рет сыдыра жыртылады. Бірінші өңдеу — егін жыйналғысымен, екінші өңдеу — күздің соңғы кезінде жүргізіледі. Көктемде қар ерісімен ылғал жабылады. Біржылдық арамшөптер шыға қалса, жерді егіс алдында дискелі трактор

луцильшөпке өңдейміз. Тек осы комплект дайындық жұмыстардан кейін ғана аңызға егісті тарқатарлы және тоғыспалы өдіспен жүргізуге болады.

— Жалпы алғанда жаңа агротехника осындай. Қысқаша мұның мәні топырақта үнемі ылғал сақтау, алаңға арамшөптің шығуына жол бермеу, бір-екі рет ауылшаруашылығы егіс бойынша жырту, қалған жылдарда 7—8 сантиметр тереңдікте сыдыра жырту керек деген сөз.

— Тағы да бір ерекше маңызды жағдай, көріп тұрсындар ғой стендте толған астық. Мұнда Орал бойындағы ағашты алқапта Мальцевтің көп жылғы зерттеуінен кейін алынған кеш пісетін және ерте пісетін бидайдың екі сорты бар. Ауа райының жағдайына қарай, егін егудің мерзімін және осы сортты тұқымды жаңа агротехникаға байланыстыра сепкен колхозшылар үнемі тұрақты және бітік егін өсірді. «Заветы Ленина» колхозы жаңаша жұмыс істей отырып, соңғы үш жылда ақпалай кірісін 3 есе, бөлінбейтін қорды екі есе көбейтті, бұл жаңалықты қолданбаған Орал бойындағы колхоздардан еңбекке ақын көп жоғары төледі. 1953 жылы 2350 гектар жаздық бидай егілген алаңның әрбір гектарынан орта есеппен 20,2 центнерден өнім алды.

Краснодар өлкесі, Лабинск МТС-нің директоры А. С. Радюнов кәдімгі бес көрпелуесті плугпен жердің қыртысын аудармай қалай терең егін жырту керек деген сұрақ қояды.

— Мальцев ол плугтердің конструкциясына бірнеше өзгерту жасады, — деді Жуков жолдаас. — Барлық 5 қайырманы кесті, плугтің сабын жуандатып, табанын үлгілері, сүйірледі. Бұдан басқа бірнеше өзгертулер енгізді. Жақында Мальцев плугтері ауылшаруашылық машиналарын жасау заводтарында шығарылады. Біз, Чапнин ауданында өзгеріс жерді қайырмасын алып тастап, 5 тілі бар плугпен өңдеп жүрміз. Бұл қиын іс емес. Керек десе, осы жетілдірілмеген плугтердің өзімен Мальцев системасы бойынша жерді жақсы өңдеп, жаздық бидайдан жоғары өнім алып келеміз.

Жақында «Заветы Ленина» колхозында болған павильонның методисі А. М. Хайкевич консультанттың сөзін қызықты,

жаңды әңгімесімен толықтыра түсеті. Тыңдаушылар өздерін байтақ далада өте бай егін өсіріп жатқан колхоз ғалымының лабораториясында болып отырғандай сезінді.

— Біз жолдың екі жағында да тың жерде өсіп келе жатқан бидайды көрдік, — дейді Хайкевич жолдаас. — Бір жағымызда жерді жыртыптан тек луцильшөп жүргізіп қана сөбілген жаздық бидай, екінші жағымыздың жері жыртылған. Егін бұл өңделген жерлердің екеуінде де жақсы, ал жыртылған жердегіден дискеленген жерде органикалық қорек көп. Мальцевтің бұл әдісі тың жерлерді игеріп жатқан аудандарға өте маңызды.

Эскурсант — Запорожье облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н. Ф. Глуценко, Украинаның көп аудандарында бұл жаңа агротехника өзіне кең жол ашқандығын мәлімдейді. Август айында Запорожье облысы, Терлевецк МТС-нің аймағында қайырмасыз плугпен 1500 гектарға жуық алаң жұмыстады. 1-ші Мелитопольск МТС-де 400 гектардан астам жер жыртылды.

Новосибирь облысы, Омшанск ауданы, «Союз строителей» колхозының председатели Социалистік Еңбек Ері А. Б. Буклин сөзге араласып:

— Мальцев әдісі біздің колхозға зор пайда келтірді, көзір оған ешкім де күдіктенбейді, — деді ол. — Өндірістік байқау күдіктенуді жоққа шығарды. 1953 жылы біз оның әдісі бойынша қайырмасыз плугпен жұмысталған алаңның әрбір гектарынан 20 центнерден жаздық бидай алдық.

Кейбір эскурсанттар түсінік-әңгімелерді естігеннен стендтегі столда бірнеше сағаттан отырып, өзара өңдірістің келісетіндей әңгімелесіп отыр. Олар әр ауданның шаруашылық жағдайы жөнінде нақтылы мәселе талқылайды. Бір сұрақтан соң екінші сұрақ тууға, Мальцев жаздық бидай жөнінде жаңалық ағыты, ал, күздің жөнінде не істемекпіз, егерде жерді өңдеудің жаңа системасын отазмалы дақылға қолданса не болады, ылғалы көп аудандарда жаңа агротехника қалай

қолдану керек. Міне, осындай айтыс қыза түсеті. Әрине, барлық сұраққа жауап беру мүмкін емес, әлі де байыбына жете зерттеуді, тексеруді қажет ететін іс көп.

— Мальцев әдісі барлық жерде сол күйінде қолдана беруге келмейді, — деді Грознев облысы, Ачигулакск ауданы, Буденный атындағы колхоздың председатели Н. П. Зимин. — Мысалы, «Заветы Ленина» колхозының жері қара топырақты, біздің жер ашылы-сорттан, ал Ярослав облысы колхоздарының жерінің топырағы күштің-саздақ болып келеді. Ол жердің топырағы да, ауа райы да әр түрлі. Сондықтан да Мальцев әдісін әр ауданның жағдайына қарай түрліше қолдану керектігі өзінен-өзі мәлім.

Эскурсанттардың бір тобы кетсе, екінші тобы келіп жатыр. Стендге жақындап келіп, олар колхоз ғалымының жұмысын көрсетуді кең көлемде жүргізуге тілектестік білдіреді. Оны ауызына да айтады, пікір жазу кітапшасына да жазады. Міне, солардың бірі: «Мальцевтің әдісі бойынша егіншіліктегі қол жеткен жаңа табысты көрмеде тек «Заветы Ленина» колхозының шеңберінде ғана емес, ол үшін кең көлемді арнаулы павильон бөліп, онда Мальцевтің әдісі бойынша барлық елімізде істелген жұмыс тәжірибесін көрсететін мәзігі жеткі» делінген.

Пікір жазу кітапшасында көптеген колхозшылардың, мамандардың, ғалымдардың, оқытушылардың, студенттердің, жас натуралистердің әр тілде жазылған пікірлері бар. Қытай Халық Республикасы ауыл шаруашылығы Министрігі өмілерінің колхоз ғалымының әдісімен танысып, көпшілік сезімін білдіре жазған мына сөздері естен шықпайды: «Совет үкіметі және Коммунистік партия кең көлемді өсіп, дамып отырған халық инициативасына өте көп көңіл бөледі. Жерді Мальцев системасы бойынша өңдеуде одан әрі жаңа табысқа жете берудіңізге тілектеспіз. Оның Совет Одағының ауыл шаруашылығында ғана кенінен қолданылатындығына, сонымен бірге Қытай Халық Республикасының даласында да жүзеге асырылатындығына толық сенеміз».

М. КУШНЕР.

Қоғамдық малға күнарлы азық, жайлы қора әзірлейік

★ ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛІК

«Путь Ильича» колхозының (Полудель ауданы) қолхозшылары сентябрь Пленумының қарарларын орындай отырып, мал шаруашылығын өркендету ісінде қажырлы еңбек етіп келеді. Мал шаруашылығы өнімдерінің көрсеткішін арттыра түсу үшін, қолхозшылар быйылғы жылы мал азығын дайындауда және мал қораларын дайындауда іске жаңаша кірісті.

Сауын сыйырлардан сүтті мол алу мақсатымен олардың күтімі арттырыла түсуде. Быйыл сауын малдарға азықты буландырып беру өдісі қолданылды. Осының нәтижесінде алынған өнімнің мөлшері де өткен жылдан арта түсті. Егер жоспар бойынша қолхоз әр сыйырдан 1600 литрден сүт саууға тиіс болса, қолхозда бірінші сентябрьге дейін әрбір сыйырдан 1516 литрден сүт алынды.

Қолхозшылар қоғамдық малдың жоғары өнімін тұрақтандыру мақсатымен алдағы мал қыстағына да үлгілі әзірленуде. Мұнда мал қораларын салу жұмысы ерте қолға алынды. Керекті құрылыс материалдары толық әзірленіп, 100 мыңнан астам саман кірпіш дайындалды. Қолхоздың құрылыс жұмысын коммунист Василий Быков жолдас басқарады.

Қолхозда 600 қойлық бір қора және 200 бас бойлақ қарамап тұратын бір қора салу жұмысы қызу жүргізілуде.

Қолхозда жаңадан стандартты мал қораларын салумен бірге ескі қораларды жөндеу жұмысы да жақсы ұйымдастырылған. Бұл жұмысқа қолхоз негізін-н фермадағы сауыншылар мен түнгі мал күзетшілерін пайдаланады. Қазір бұлардың күшімен 12 мал қорасы жөнделіп бітті.

Осындай мал қораларын салу және оларды жөндеу жұмыстарымен бірге, қолхозда мал азығын дайындау жұмысы да үлгілі жүргізілуде. Жемшөп дайындау жұмысында өздігінен жүретін және тракторға тіркелген қаңалымды шөп машиналары жұмыс істейді. Олар күн сайын 40 гектардан астам жердің шөбін шабады. Қолхозда мал қораларының жанына 9 мың центнерден аса шөп тасып үйілген.

Қолхоз мал азығына деп егілген 20 гектар қызылшадан 150 центнерден өнім алғалы отыр. Мұның барлығы қолхозшылардың мал шаруашылығы өнімдерін арттырып және алдағы қыстан малды шығынсыз аман алып шығуға зор дайындық жасағандығына дәлел.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(өз тілшіміз).

МІНДЕТТЕМЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАЛДЫ

С. Граф жолдас бірқатар уақыттардан бері Петропавл ауданының «Луч Ленина» қолхозында сауыншы болып істейді. Ол жыл сайын өзіне бекітіліп берілген сауын сыйырларды қонды ұстап, олардың өнімділігін арттыруға жетісін келеді.

★ Мал қыстамуға әзірліктегі кемшіліктер тез жойылсын

Мал қыстату — мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда ең жауапты әрі шешуші кезең болып табылады. Мал қыстату маусымы ұйымшылдықпен өткен жағдайда ғана мал шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға ие болуға болады. Сондықтан мал қыстату маусымын үлгілі өткізу совхоз қызметкерлерінің маңызы міндетті. Олар бұл маусымда малды асырап шығуға ғана емес, соя сыяқты, қыстың суық күндерінде аялдық малдардан төлді көптеп алуға, ол төлдерді шырынсыз өсіруге тынғылықты әзірленулері керек.

Бұл міндеттің мінсіз жүзеге асырылуы әрбір совхозда мал азығының көптеп дайындалуына, малдың жылы, жайлы, жарық қоралармен қамтамасыз етілуіне, төл үйлерінің жеткілікті мөлшерде болуына тікелей байланысты.

Алайда, өткен жылы бірқатар совхоздар қоғамдық малды жемшөппен және жайлы қорамен қамтамасыз етпеді. Мұның ақыры қысқы маусымда мал шығынының болып, өнімділігі кемуіне әкеліп соқты. Облыс совхоздары өткен жылдың бұл сыяқты кемшіліктерінен қорытынды шығарып, быйыл мал қыстатуға әзірлікті ұйымдастырған түрде жүргізулері керек еді. Бірақ, іетін жайлы осы уақытқа дейін өзгермей келеді. 20 сентябрьге дейін облыстың бірде-бір совхозында мал азығын дайындау жоспары тоқна есебімен орындалған жоқ. Ал, шөп сүрлеу жоспары тек қана Явленка совхозында орындалды. Мұның өзі совхоз басшыларының мал қыстату сыяқты, маңызды іске мән бермей келе жатқандықтарын, бұл жұмысқа совхоздардың коллективтерін жұмылдыра алмай отырғандықтарын толық дәлелдейді. Жемшөп дайындауда жағдай Ұзынкөл, Қыялы, Октябрь, Стеной, Петропавл, Булаев совхоздарында өте-өте нашар. Бұларда жоспардың орындалуы 50 процентке де жетпей отыр. Жемшөп дайындаудың барысы осындай нашар болып отырса да, аталған совхоздар шөп шабуды тоқтатып қойған.

Шөп шабу жоспары орындалмағандан кейін совхоздар егіннің сабаны мен мекенін жыйнау, оны маялауды ұйымдастырулары керек еді. Бірақ, көпшілік совхоздар бұл іске мән бермей келеді. Возвышен, Ұзынкөл, Қарағанды, Совет, Шағлы совхоздарының басшылары осы уақытқа дейін егіннің сабанын маялауы ұйымдастырмады.

Мал қыстату маусымының үлгілі өтуі, дайындалған пішеннің қоралар қасына көптеп тасылуына да тығыз байланысты. Мұны Петропавл совхозының басшылары, оның директоры Горбунов жолдас жақсы біледі. Бірақ, ол дайындалған мал азығын қоралар қасына тасуға арнаулы көлік күші мек жұмыс адамын бөлмеді. Осы

көптеп бөлуді талап еткен болатын. Оның бұл талабы орындалып, совхозға жаңадан 7 мал қорасын салуға 505 мың сом қаражат бөлінді. Григорьев жолдас бөлінген қаржыны дұрыс пайдалану, сөйтіп, мал қораларын салу жұмыстарын кеңінен ұйымдастырмады. Ол даурықпалы думанға салынып, қысқа әзірлік ісіне басылық етуді ұмытты. Осының салдарынан мұнда құрылыс жұмыстарына бөлінген қаржының небары 10 мың сом ғана жұмсалды.

Мал қораларын салу жұмысы Октябрь, Преснов, Шағлы совхоздарында да нашар ұйымдастырылған. Бұларда осы уақытқа дейін бірде-бір мал қорасының құрылысы аяқталған жоқ. Тегі бұл совхоздардың басшылары мал шаруашылығының өркендеуі мал қыстату маусымының үлгілі өткізілуіне тығыз байланысты екендігін түсінбейтін болса керек.

Біздің облыстың жағдайында қыста алынған төлдер өсімтал келетіндігі тәжірибеде анықталып келеді. Сондықтан әрбір совхозда төл үйлерінің мол болғаны жөн. Бірақ, қай совхозда болсын төлдер тұратын үйлерді жөндеу, жылыту жұмыстары қолға алынбай отыр. Ал, мал шаруашылығының мамандары бұл сыяқты жауапты жұмыста басшылық роль атқара алмай жүр.

Келесі жылы мал өсірудің мемлекеттік жоспарының сөзсіз орындалуы, мал өнімнің мол болуы быйылғы мал қыстату маусымының ұйымшылдықпен өтуіне, бұл маусымда мал шығынына жол берілмеуіне байланысты. Сондықтан совхоз басшылары әрбір ферманың және бөлімшенің мал қыстатуы ұйымшылдықпен бастауларына жетісулері керек.

Бұл үшін ең алдымен, мал азығын дайындау маусымына жете көңіл аудару қажет. Көзір совхоздардың қайсысында болсын егін жыйнау аяқталып келеді. Бұл жұмысқа қатысып келген техника, көлік күші және жұмыс адамын шөп шабуға, орылған егіннің сабанын маялауға пайдалану қажет. Соңғы уақыттарда жауынның мол болуы жаздық шөп шабылған жерлердің шөбі қайтадан қабық болып өсуіне мүмкіндік берді. Мұның өзі қай совхозда болсын шөп шабуды кеңінен жүргізуге болады деген сөз.

Быйыл егіннің сабаны жемшөп үшін кеңінен пайдаланылатын болғандықтан әрбір фермада сабан тұрағыштар мен азық буландырғыштардың болуы керек. Совхоз басшылары фермаларда сабан тұрағыш механизмдер мен азық буландырғыш орындардың көзінде бастап дайындалуын ұйымдастырулары қажет.

Азықты қанша мол дайындағанмен малдың жайлы және әрі жылы қорасы болмаса, онда малдың қоңы төмендеп, өнімі кемиді. Мұндай кемшілікке жол

Қызылтулы бригада

Преснов ауданының Сталин атындағы колхозы бұл күндері егін ору, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын қызу жүргізуде. Қолхозда Преснов МТС-нің екі трактор бригадасы жұмыс істейді. Бұл бригадалар социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, өз жұмыстарында айтарлықтай табыстарға жетісуде. Социалистік жарыстың қорытындысында Александр Эгов жолдасның бригадасы бірінші орынға шығып, МТС-тің Ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Бригада 1554 гектар егістіктің егінін жыйнады. Ал, келесі жылдың егісі үшін жыртылатын зыб жоспарының 60 проценттен астамын орындады.

Бригада мүшелері қолхозшылармен ынтымақтаса жұмыс істей отырып, техниканы өнімді пайдалануда. Қомбайншы И Иванов жолдас өзінің зайыбы Антонина Ивановнамен бірге отырып, өсіне сайын «Сталинец-6» қомбайнымен 30 гектар егін орып жүр. Сол сыяқты, қомбайншылар Шепилов, Дробышев жолдасстар да сменалық нормаларын үнемі асыра орындайды.

Бригададағы комсомол тобының жетекшісі Лукьяченко жолдас бригадирмен, есепшімен бірге отырып, социалистік жарысқа қорытынды жасап отырады. Мұнымен бірге, ол жауынгерлік листоктарды да үзбей шығарып тұрады. Ал, үгітші Батыров жолдас механизаторлар арасында түрлі тақырыпта әңгімелер өткізеді. Мұның бәрі бригада мүшелерінің егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын еселеген қарқынмен жүргізуіне әсер етеді. Көзір қызылтулы бригада келесі жылдың егісі үшін зыб жыртыу жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде.

М. НАЗАРИН.

Мектеп жанындағы тәжірибе участогі


Нижняя-Чирикова жетіжылдық мектебінің жанында үлкен тәжірибе участогі бар. Жазғы демалыс күндерінде мұғалімдер К. Палтарак, Е. Великанова жолдасстардың басқаруымен тәжірибе участогінде жас натуралистер жұмыс істеді.

Быйыл тәжірибе участогіне бір сортты тұқым бірнеше түрлі болып отырғызылып, олар әртүрлі күтімге алынған болатын. Тәжірибе участогіне сөбілген «бидай пырей гибриді» көп өнім берді. Сол сыяқты, «жалаңаш тұқымды арпадан» да жас натуралистер көп өнім алды.

Мұнымен бірге участокте жеміс ағаштары, түрлі жидектер және басқа өсімдіктер өсіріледі. Бұлардың тұқымдарын жас натуралистер еліміздің ғылыми зерттеу институттары мен тәжірибе станцияларынан алды. Келесі жылы жас натуралистер тәжірибе участогін кеңейтіп, онда өсірілетін дақылдар санын көбейтуді көздеп отыр.

Құрылысшылар бригадасы

Приешім ауданындағы Киров атындағы колхозда арнаулы құрылысшылар бригадасы құрылған болатын. Оның П. Герт жолдас басқарады. Құрылысшылар қысқа мерзім ішінде 350 бастық сыйыр және



Петропавлдағы А. И. Микоян атындағы ет комбинатының балалар бақшасында тәрбиеленетін балалардан көрнеменерпаздар үйірмесі ұйымдастырылған. Онда көптеген кішкентай өнші, бишілер бар. СҮРЕТТЕ: ересек балалар тобының украин биін үйрену үшін жаттығу жүргізіп жатқан кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Ұлы көсем атындағы мектепте

Октябрь ауданындағы Ленин атындағы орта мектеп облысымыздағы ірі мектептердің бірі.

Өткен оқу жылы бұл мектепті 45 оқушы бітіріп шықты. Олардың ішінде алтауы алтын және күміс медальға ие болды. Бұл бітіргендердің көпшілігі көзір еліміздің жоғарғы оқу орындарында оқып жүр.

Ал жоғарғы оқу орындарын ойдағыдай бітіріп көзірде еліміздің түпкір-түпкірлерінде қызмет істеп жүргендер көптеп саналады. Олардың ішінде КЕП Ақтөбе облыстық партия комитетінің қызметкері Әбдіғали Бәженов, Қазақ ССР ғылым академиясының аспиранты Хамит Біржанов, КЛБЖО Орталық Комитетінің секретары Анатолий Шалов, Қарағанды көмір шахтасының инженері Сейсебай Байпақов және басқа жолдасстар бар. Осы мектептен білім алып шыққаннан кейін педагогикалық жоғарғы оқу орнына түсіп бітіріп шығып өзі тәрбие алған мектебіне оралған жас педагогтар да аз емес. Мәселен, Ғазез Жақын осы мектептің оқу бөлімінің меңгерушісі, Жылкелді Мұқанов қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы болып істейді.

Мектепте өз өмірлерінің басым көпшілігін жас ұрпақтарды тәрбиелеу жолында өткізіп жүрген тәжірибелі қарт педагогтар да аз емес. Олардың қатарында мектеп директоры Сейтен Сауытбеков, тарих пәнінің оқытушысы Жаңғалы Құсайынов, математика пәнінің оқытушысы Ахметжан Қалиахметов жолдасстардың аттарын атауға болады. Олар—өздерінің игілікті әрі қажырлы еңбектерімен жұртшылық құрметіне бөленгендер.

Мектеп коллективі жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ерте бастан қолға

өсетіндіктері жөнінде тәжірибе жұмыстарын жүргізеді.

Оқушыларды еңбек сүйгіштікке баулу—мектептің оқытушылар коллективінің алға қойған басты міндеттерінің бірі. Олар бұл үшін қолда бар мүмкіншіліктердің бәрін толық пайдалануда. Мәселен, мектеп оқушылары жазғы каникул кезінде оқытушылардың басшылығымен қолхоздың еңбек даласында жұмыс істеді. Қоғамдық мал үшін берік жемшөп қорын жасау күресіне өздерінің келеді үлестерін қосқан оқушылар мұнда ондап саналады. Мәселен, оқушылар Ермазы Әбуов, Бекен Ыбраев жазғы каникул кезінде шөп шабуға жұмыс істеп, әр қайсысы жүзден астам еңбеккүн тапты. Мектеп оқушылары бұл күндері ауылшаруашылық жұмыстарының аса маңызды кезеңі—егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына қызу көмектесіп жүр.

Мектепте оқушыларды қолөнер еңбегіне үйрету жұмысы да кең өріс алған. Мәселен, мұнда ағаш шеберлерінің мастер-скайы, тігін үйірмелері жұмыс істейді. Оқушы ағаш шеберлері жуырда мектеп қабырға газеттері үшін әшекейлі рама жасады. Сол сыяқты өз мектептерінің модельдерін де жасап шықты.

Оқушылардың ауыл шаруашылығына деген ынтылығын арттыра түсу, мектептің оқушылар коллективінің басты міндеттерінің біріне айналған. Өткен жылы мектеп оқушылары Октябрь ауданындағы Торанғұл машина-трактор станциясында болып, онда МТС-тегі ауылшаруашылық машиналарының құрылысымен танысты.

Оқушылардың творчестволық таланттарын жетілдіру және оларды әдебиеттік шеберлікке тәрбиелеу

сауыншы С. Граф бытыл өзіне бекітіліп берілген 13 сыйырдаң 20150 литр сүт алуға міндеттенген болатын. Ол бұл міндеттемені асыра орындап шығып, осы жылдың өткен 8 айлары ішінде өзіне бекітіліп берілген сыйырлардан 22 мың литр сүт сауды. Олардың төлдерін аман өсірді. Жақында сауыншы жыл аяғына дейін тағы да 1500 литр сүт саууға міндеттенді.

Осы колхоздың алдыңғы қатарлы сауыншысы П. Рогальская да өзіне бекітіліп берілген 13 сыйырдаң жоспар бойынша 19100 литрдің орнына, 19500 литр сүт сауды. Кезір ол жыл аяғына дейін қосымша 1500 литр сүт саууға міндеттеніп отыр. Бұл күндері озат сауыншылар осы алған міндеттемелерін орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Қ. ӘЙТЕНОВ.

қоралар қасына тасылған жоқ. Облыс совхоздарында жаңадан мал қоралары мен төл үйлерін салу, ескі қораларды жөндеу жұмыстары да нашар жүргізіліп келеді. Совхоздарда 21 сыйыр, 16 бұзау, 14 шошқа, 15 қой, 3 жылқы қоралары салынуда тиіс болса, оның небары үшеуі ғана пайдалануға беріледі. Бұл фаэтінің өзі совхоз басшыларының құрылыс жұмысына мүлдем назар аудармағандықтары, бұл іске қолда бар күш-мүмкіншілікті жұмылдырмай желе жалқандықтарын көрсетеді. Мұнымен бірге, совхоздарда ескі мал қораларын жөндеу, олардың іші-сыртын сылау жұмыстары да мүлде қанағаттанғысыз ұйымдастырылған.

Степной совхозының директоры Григорьев жолдас жыл басында совхоздар тресінен жаңа құрылыстарға қаражатты

тарбының қарқынын күшейтуге, сөйтіп, жоспарланған мал қораларын қысқы маусым басталғанға дейін толық аяқтап шығуға міндетті. Ал, ескі қораларды жөндеу қысқа мерзімде аяқталатын болсын. Малға жемшөп қорын мол дайындау, оларды жылы қорамен қамтамасыз еткен жағдайда ғана мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізуге болатындығын жоғарыда атап айттық. Бұл міндетті мінсіз жүзеге асыру—совхоз коллективтерінің кезіргі аса маңызды борышы. Мұның өзі мал басының көбейіп өнімі артуына, сөйтіп, халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін қанағаттандыру ісіне келелі үлес қосады.

С. СУТЮШЕВ.

Облыстық совхоздар тресінің бас зоотехнигі.

ды. Ескі қоралар толық жөндеуден өтті. Бригада мүшелері Ә. Мәмбеталинов, Н. Рудель және К. Сәрсенбаев жолдастар сменалық ташсырмаларын үнемі асыра орындап, өз жұмыстарында айтарлықтай табыстарға жетіуде.

Б. БАЛТАБАЕВ.

Жұмысшылардың көмегі

Жақында Ленин ауданының орталығы —Явленка селосындағы өндіріс комбинатының жұмысшылары «Бірлік» колхозына барып астық тазарту, оны дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарына көмектесті. Оларды комбинаттың директоры Иванов жолдас басқарып барды. Жұмысшылар бір сменала 550 центнер астық тазартып, 900 центнер астықты дайындау пункттеріне жөнелтті.

Н. ӘУБӘКІРОВ.

Шошқаны тез семіртудің жолдары

Мемлекетке ет ташыру жоспарының мерзімінде орындалуы—етке ташсырмалық малдардың оның ішінде, әсіресе, шошқа малының күтімі ерекше қажартылуына тығыз байланысты. Шошқаларды шапшаң азықтандырып, оларды семіртуде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан Свердлов облысы, Зайкөв ауданының колхоздары зор табысқа ие болды. Бұл ауданың колхоздары өткен жылы 1100 бас шошқаның орқайсысының тәулігіне 810 грамм салмақ қосып отыруына жетіскен. Ал, алдыңғы қатарлы «Бірінші май» колхозының (осы ауданда) озат шошқа өсірушілері А. Мартынова, Е. Уйына жолдастар әр шошқаның тәулігіне бір килограмнан астам салмақ қосып отыруына жетісіп, рекорд жасаған.

Шошқаны шапшаң азықтандыруда алға қойылатын негізгі мақсат—қысқа мерзім ішінде оның етін жұартыпай майлы ету және салмағын арттырып, еттілігін көбейту болып табылады. Сондықтан алдыңғы қатарлы шошқа өсіруші озаттар, шошқаны азықтандыруды зоотехникалық ереже бойынша жүргізеді. Бордаққа жемді көп және талғамай жейтін ересек торайларды іріктеп алады.

Семіртуде көбінесе 6-7 айлық, тірі салмағы 50-70 килограмм, дене ортанзмі жақсы жетілген торайлар алынады. Бұл іріктеліп алынған шошқалар төрт-алтыдан бөлек қораларда күтіледі. Әр шошқаның тұратын еден көлемі 1 шаршыметр болуы керек. Шошқаларға құнарлы азықтардың барлығы төртінше беріліп жемдердің төгілмеуін, шапшылауына қадағалау керек. Семіртуде қойылған шошқалар 60 күн жемделеді. Оларға белгіленген рацион қатаң сақталып, жем үш-төрт түрлі концентраттан құрылады. Азықтардың шошқаға сіңімді болуы үшін ірі сабақты азықты көбірек араластырып беріп отыраған жөн. Араласатын ірі сабақты азықтар: бір-екі килограмм сүрленген шөп, үш-алты килограмм картоп, 10 килограмм бұршақ тұқымдас өк шөптер, 0,5-1 килограмм сапалы шөп болып есептеледі.

Шошқаға тәулігіне берілетін азық мөлшері әр 20 күндікте және жыл мезгілдерінің уақытына қарап бірқалыпты болуы керек. Шошқаны семіртуде, оларға берілетін азықтың мөлшері мынадай тәртіппен жүргізілуі керек:

Мерзімдері (әр мерзімде 20 күннен)	Концентратты азықтар тәулігіне кг. есебімен	Әр тәулікте берілетін ірі сабақты азықтар	Шошқаның тірі салмағы
1	2—2,5	8—9	50—75
2	2,5—3	6—7	75—100
3	3,5—4	4—5	100—130

Шошқаға тәулігіне берілетін азықтың ішіне, сол азықтың бір процент мөлшеріндегі минералды азық араластырылады. Берілетін азықтың дайын күйінде болғаны жөн. Дәнді азық пісірілген нан ретінде берілсе, онда қою ботқа етіп пісіріліп беріледі. Күн сайын бір түрлі азық бере бергеннен, әр күні әр түрлі берілетін азық сіңімді болады. Сондықтан азықты бір күні араласқан қою ботқа түрінде, ертеңінде пісірілген нан ретінде, ал үшінші күні

сұйық былғамық ретінде тағы басқа түрлерде беріп отырған дұрыс. Егерде пішен азықтарын араластыру керек болса, онда ол пішенді ұнтақтап және екі-үш литр қайнаған суға бір килограмм шөп буландырып беру керек. Картоп қайнатылған суына араластырылып, жылжылығы үш-төрт градус болғанда беру өте орынды. Тамыржеміс (сәбіз, қызылша) азықтар шикі күйінде ұсақ етіп туралып беріледі.

Бұршақ тұқымды азықты беру шөп беру әдісі сыяқты.

Қысқы мерзімде шошқаға минералды құнарлы азықтар мен және ірі сабақты шөптер араластырылып 36-38 градус жылылықта беріледі. Шошқаның азықты көп жеуі және жеген асының денесіне сіңімі мол болуы үшін, озат шошқа өсірушілер сулы еттің, астық және қызылша қвасын, қайнатылған шөп суының тұнбасын, көк сүт, помидор мен қыярдың тұзды суын тағы басқаларын береді. Осы тамақтар күнделікті берілетін азықтың 10 процент

Жұмыстың түрі	Жаз айларында	Қыс айларында
1. Жем даярлау	таңертеңгі сағат 4-5-ке дейін	таңертеңгі сағат 5-тен 6-ға дейін
2. Бірінші тамақтандыру, астауларды, қораларды тазалау, суару, шошқаның үсті-басын тазалау	таңертеңгі сағат 5-7-ге дейін	таңертеңгі сағат 6-8-ге дейін
3. Екінші тамақтандыру, қора ішін тазалау, суару	түскі сағат 11-ден 13-ке дейін	түскі сағат 12-14-ке дейін
4. Үшінші тамақтандыру, қора ішін тазалау, суару, жем азық дайындау	кешкі сағат 17-ден 20-ға дейін	кешкі сағат 18-21-ге дейін
5. Төртінші тамақтандыру, суару	түнгі сағат 23-те	түнгі сағат 24-те

Шошқаларды осылайша азықтандыру олардың тез өсіруіне мүмкіндік береді. Бұл кезде шошқалар 60 күн бойы далаға шығарылмай қараңғы қорада бағылады. Сондықтан қораның іші көбу, асты құрғақ таза болғаны жөн. Қора ішін таза ауа мен жиі-жиі желдетіп, әсіресе, жаз айларында салқындықта ұстап тұрған орынды. Азықтандырудың екінші 20 күндік мерзімінен бастап әр аптада бір күн шошқаға тек судан басқа ешнәрсе бермеу әдісін қолдану керек. Бұдан кейін шошқа жемді

мөлшеріндеі болады. Тәбетін аштырып, жем жеу бездерін қоздыратын тамақтар негізгі берілетін азықтың алдынан 10-15 минут ерте берілгені жөн.

Шошқаға азықты әлсін-әлсін беру керек. Оларға суды қажетінше берген дұрыс. Тек ескеретін бір нәрсе, азықтандыра алдында су беруге болмайды. Азықтандырып болғаннан кейін 30-40 минуттай уақыт өткен соң суарған орынды болады. Семіртуде қойылған шошқа тәулігіне төрт рет азықтандырылады. Азықтандыру тәртібі төмендегі таблицада үлгі ретінде көрсетілген.

қалдырмастан тоя, сүйсіне жейтін болады. Мұнымен бірге шошқа күнде тазартылып отырылуы керек.

Бордақыланы шошқаны осылай азықтандыру, олардың тез өсіруін және сауда орындарына тек қана семіз еттің ташсырлығын қамтамасыз етеді. Бұдан колхоз бен совхоздар көп пайда табатын болады.

В. ЛИ.

Облыстық ауыл шаруашылығы насихаты басқармасының бастығы.

күрделі жөндеуден өткізіліп, оқушылар оқулықтармен және жазу-сызу құралдары мен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар мектепте жүргізілуге тиісті лабораториялық жұмыстар үшін қажетті аспаптар сатып алынды. Әересе, оқу жасындағы балаларды мектепке түгел тарту ісіне баса көңіл бөлінді. Соның нәтижесінде мектеп қамтытын колхоздарда сабаққа тартылмай бірде-бір оқу жасындағы бала қалған жоқ.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық туралы директиваларында орта мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру атап көрсетілген. Мектеп коллективі бұл жауапты міндетті орындауда ойдағыдай жұмыстар жүргізуде. Оқушылар биология пәнінің оқытушысы Қажан Базарбеков жолдас астық басылығымен өткен жылы көлемі 700 шаршыметрден астам мектеп бағын жасады. Олар мұнда 190 түп алма ағашын отырғызып, 2 мыңға жуық түрлі ағаштар екті. Мектептің тәжірибе участогі оқушылардың биология пәні бойынша алған теориялық білімдерін іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отыр. Бұл күндері жас мичурияшілер тәжірибе участогінде түрлі өсімдіктердің облыстың ауа райы жағдайында қалай

ның оқытушысы Жылкелді Мұқанов жолдас басқарады. Мектептің жас таланттары өткен жылы «Жас қалам» атты әдеби альманах шығарды. Онда оқушылардың өздері жазған өлеңдері мен қысқа әңгіме очерктері жарияланды.

Бұл күндері мектептің оқытушылар коллективі мектепте оқу жұмыстарын жаңа программа негізінде жүргізуді ойдағыдай қамтамасыз етуге қызу кірісуде. Әересе, жас педагогтардың шеберліктерін арттыру шаралары ойдағыдай жүзеге асырылуда. Бұл салада тәжірибелі оқытушылар жас педагогтарға зор көмек көрсетеді. Мұнда методикалық бірлестіктер жүргізіліп түрде жұмыс істеп отырады.

Ленин атындағы орта мектептің оқытушылар коллективі коммунизмнің болашақ құрылысшылары—жас ұрпақтарды саналы, білімді және мәдениетті етіп тәрбиелеуді, оларды болашақта Отан үшін қажырлы еңбек ететін қайраткерлер етіп қалыптастыруды өздерінің алдына мақсат етіп қойған. Олардың бұл міндетті ойдағыдай орындауларына сенім мол.

Е. САУҚАНОВ.

Октябрь ауданы, Ленин атындағы орта мектеп.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Жоқтаусыз кеткен қой

—Мағзұм, хал-жағдай өзіңде белгілі ғой,—деп бастады өзінің әңгімесін Айымжан ауылдық Советінің председатели Қуанышбай Байсарин «Сталин жолы» колхозы председателинің орынбасары Мағзұм Қасеновқа. —Жеңгөңнің ұл тапқан тойына сөзің мал болмай отыр. Қолда бар қойлардың бәрі аналық малдар. Сондықтан ферма меңгерушісі Шоқан інің ғой, сонымен кеңесіп, бір қой алып берсең?

Ауылдық Совет председателинің сөзін жерде қалдыра алмаған Мағзұм інісі Шоқанмен келісіп, колхоз фермасынан бір қойды Байсариннің әйелінің қалжасына «құрбан» етті.

—Қолыңда билігі бар жігіт қой, бір тілегің орындайық, одан ешнәрсе жоғалта қоймаспыз,—деді олар өзара әңгімелесіп.

Қасеновтер мен Байсариннің құпия әңгімесінің құрбаны болған бұл қойдың ізі-түзі білінбей-ақ кететін еді, бірақ колхоз есепшісі Ақбай Қасенов жарты-жылдық есепте жоқ қойды орнына салуды талап еткенде.

—Колхоз малын «қалжаға» сою деген не сұмдық,—деді ол.—тез орнына салыңдар!

Бірақ, есепшінің бұл айғайы ұзаққа бармай белгісіз себептермен басылып қалды. Ал, Байсарин мен Қасенов болса мұртынан бір күліп, жегендерін бойына құт етуде.

Бұлар қорамдық мүлікке қол сұғулары қашан қояр екен?

Ә. МЕКЕНОВ.

Преснов ауданы.

Хат тасу ісі жолға қойылмай келеді

Ленин ауданының Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінде хат-хабар тасу ісі тыңғылықты жүргізілмей келеді. Колхозда тұрақты хат тасушы болмағандықтан № 3 бригадала тұрушы колхозшылар жазылған газет, журналдарын дер-кезінде алып отыра алмайды.

Рас, бұдан екі жылдай уақыт бұрын колхоз басшылары Аманкелді, Жарғайын, Өрнек ауылдарына хат-хабар тасу үшін Жарғайын ауылында тұратын Түгелбаев жолдасы тағайындады, ал соңғы кезде бұл жұмысты Кәукеев Райса қарға жүктеді. Кәукеев жолдас 15 күндей құмығе

істеді де, одан кейін бұл міндетті қайтадан Түгелбаев жолдас атқаратын болып жүр. Бірақ, ол № 3 бригадала тұрушылардың хат-хабарларын күнбе-күн жеткізіп тұру орнына, аптасына бір, немесе, 10 күнде бір рет әкеліп таратады. Тұрақты хат тасушы болмағандықтан колхозшылар хат-хабарларының уақытылы жеткізілуін кімнен талап етерін де білмейді.

Колхозшылар газет, журналдарын уақытылы алып оқығысы келеді. Біздіңше колхозшылардың бұл тілегіне құлақ асатын уақыт жетті ғой дейміз.

Е. ӘЙЛМӘЖІНОВ.

Халықаралық шолу

ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЕРҒІНЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ

Соңғы айлардың ішінде халықтар бұқарасы бейбітшілік жолындағы күресте елеулі жеңістерге жетті. Кореяда уақытша бітімге қол қойылғаннан кейін Женева кеңесінің нәтижесінде Индо-Қытайдағы қауіптілік тоқтатылуы және Францияның Ұлттық жыйналысында «европалық қорғаныс бірлестігі» жоспарының күйретілуі осы оқиғалардың қатарына қосылды. Европадағы, сондай-ақ Азиядағы жұртшылық бейбітшілік орнатуды, барлық мемлекеттердің қоғамдық құрылысына қарамастан, олардың қатар өмір сүруін, даулы мәселелерді келіссөздер жүргізу жолымен шешуді жақтап шығуда.

Міне осының бәрі халықаралық шиеленісті оған әрі бәсеңдетуге қолайлы жағдай тудырды. Бірақ, батыс державаларының, ең алдымен Америка Құрама Штаттарының саясаты кәзіргі уақытта қол жеткен табыстарды бұддіруге ғана емес, сонымен бірге халықаралық жағдайды мүмкін болғанынша анағұрлым шиеленістіре түсуге бағытталып отыр.

«Фактілер мынаны көрсетеді,— дегеннен ССРО Сыртқы Істер Министрінің 15 сентябрьде жарияланған мәлімдемесінде,— Европа жөнінде ғана емес, сонымен бірге Азия жөнінде халықтардың мүдделерімен де, бейбітшілікті нығайту мүдделерімен де ешқандай қатысы жоқ, қайта мұның керісінше, халықаралық жағдайды шиеленістіруге көмектесетін және шешілмеген проблемаларды реттеуге кедергілер тудыратын қадамдар жасалуда».

Соңғы кездегі мұндай фактілердің ішінде Англияның сыртқы істер министрі Антони Иденнің америка сенаторы Уайлидің, тыңшы Мэрфиддің және, ең соңында, Бонн мен Лондонға асығыс ұшып келген АҚШ мемлекеттік секретары Даллестің бірқатар европалық елдерді дипломатиялық мақсатпен аралауы өзіне назар аударады. Бұл сапарлардың бірден-бір мақсаты—Батыс Германияның милитаристерін қаруландыруды шашпандату, Европаның орталығында соғыс ошағын қайта тудыру. «Европалық қорғаныс бірлестігінің» күйреген жоспарын осындай хауіпті басқа бір жоспармен ауыстыру жолдары мен құралдары іздестірілуде. Соның өзінде көптеген жаңа жоспарлардың қайсысы қабылданатындығының—1948 жылғы Брюссель шарты бойынша құрылған, барлық жұрт елеусіз қалдырған «батыс одағына» Батыс Германияны кіргізуді көздейтін Иденнің «жосры», немесе Бонн милитаристерін Солтүстік-атлантикалық блокке тікелей кіргізуді белгілейтін Даллестің «жоспары» қабылданатындығының екінші дәрежелі маңызы бар. Мұның екеуінде де міндет біреу ғана: бұл міндет—көк алуды арман етіп отырған гитлершіл генералдардың басынлығымен үлкен және жақсы қаруланған неміс армиясын құруда болып отыр.

Европадағы халық бұқарасының, ең

қыйыншылықтар туралы хабарлар америка газеттерінде көп басылуда. Газеттер француз үкметін қалай «тыныштандыруға» болатыны туралы жаңа неміс вермахтына қарсы Францияға қандай «кешіктерді» үде ету туралы, Аденауэр мен оның генералдарының талаптарын қандай әдіспен «тежеп», «ауыздықтау» туралы жазуда. Сонымен бірге француз билеуші топтарын қорқыту әрекеттері оған әрі жасалып отыр. Мысалы, сенатор Уайли Парижде былай деп мәлімдеді: Франция икемге келмеген күнде, ол «екі миллиард доллардан айырылған болар еді».

Иден мен Даллестің дипломатиялық сапарларының қыйыншылықтары ең алдымен мынадан туып отыр: герман милитаризмін қайта тудыру саясаты халықтардың тілектеріне қайшы келеді. Халықтардың өмірлік мүдделері герман проблемасын бейбітшілікпен реттеуді талап етеді. Осыны ескере келіп, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бюросы өзінің Венадағы сессиясы нәтижесінде жарияланған мәлімдемеді мынаны еске салды: «Герман проблемасын бейбітшілікпен реттеу мүдделі державалардың әрқайсысы үшін және неміс халқының өзі үшін қолайлы болуға тиіс. Бұл реттеу Германияның екіге бөлінуіне тыйым салатын болуға тиіс, Германияның өз көршілерінің қайсы біріне қатыр төндіретін құрал ретінде пайдаланылуына жол бермеуге тиіс, сонымен бірге Европаның хауіпсіздігін ұйымдастыруға мүмкіндік беруге тиіс». Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советінің бюросы, Германияны қайта қаруландыру қандай формада және қандай сылтаумен жүргізілетін болса да, халықтарды бұған жол бермеуге шақырды. Сонымен бірге бір-біріне қарама-қарсы тұрған топтарға бөлінген дүниеде елдер мен халықтардың хауіпсіздігін қамтамасыз етуге болмайтынын және барлық мемлекеттердің саяси немесе қоғамдық құрылысына қарамастан, хауіпсіздік үшін олардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруі қажет екенін бюро еске салды.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі бюросының барлық елдердегі бейбітшілік күштерінің атқаратын жұмысын белгілейтін мәлімдемесін Даллестің Европалық баруымен байланысты айқын білдірілген америка дипломатиясының мақсаттарымен салыстыратын болсақ, мұның арасы жер мен көгтей. Даллестің, Уайлидің, Иденнің және герман милитаризмін қайта тудырудың басқа малайларының көзден отырған мақсаты халықтардың еркі мен төл мүдделеріне мүлде қайшы келеді.

ҚЫТАЙ ХАЛҚЫНЫҢ

ӨМІРІНДЕГІ ҰЛЫ КҮНДЕР

Пекинде халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының бірінші сессиясы өз жұмысын оған әрі жүргізуде. Сессияның міндеттері аса зор. Сессия Қытай Халық Республикасының бүкіл халық талқылау

жобасын талқылауға 150 миллионнан аса адам қатысқан, соның өзінде көптеген түзетулер мен толықтырулар енгізілген. Социализм орнатып жатқан елдің Конституциясын, шын мәнісінде демократияшы және ең қалың бұқараның мүдделеріне сай келетін Конституцияны бүкіл қытай халқы жасауда.

Азияның елдері отарлық құлдықта қарсы күресу үшін біріккен және шын мәнісінде бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алған халықтың қандай табысқа жете алатынын Қытай Халық Республикасының мемлекеттік құрылысының табыстарынан айқын көріп отыр. Индия мен Индонезия сияқты азиялық мемлекеттер, дегенмен де, халықаралық аренада Қытайдың заңды праволарын қорғауды өздерінің борышы деп санап, қытай халқымен достық ынтымаққа ұмтылуда. Жаңа Қытайдың нығайып, өркендеуін бұл елдердің бәрі өздерінің ұлттық мүдделері үшін пайдалы деп санап отыр, сондықтан америка монополияларының Қытай Халық Республикасына қарсы бағытталған империалистік тіміскілеу әрекеттеріне қарсы шығуда.

Совет халқы барлық бейбітшіл халықтармен бірге өзінің досы және одақтасы—қытай халқының табыстарына шын ниетімен қуанады. ССРО мен Қытай арасындағы достық—жалпыға бірдей бейбітшіліктің қуатты тірегі.

ТАЙВАНДАҒЫ

ЧАНКАЙШИЛІК

ЖАЛДАМАЛЫ БАНДАНЫҢ

АРАНДАТУ ӘРЕКЕТТЕРІ

Тайваньға барып тырылған гоминдандық банданың Қытайдың оңтүстік-шығыс жаралауында орналасқан Қытай қалалары мен селоларына қарсы соғысқа арандатып әртүрлі әрекеттері соңғы апталардың ішінде жиі-жиі жасалуда. Бұл арандату әрекеттеріне дем берушілер мен оларды ұйымдастырушылар өздерінің ролін жасырудың тыпті керекі жоқ деп санауда. Бұлар —гоминдандықтарды қаруландыран, Чан Кай-шидің қытай халқының көкті ызасынан қорғап отырған, Қытайдың Тайвань аралын Қытайға шабуыл жасауға арналған өз базаларының біріне айналдырған Америка Құрама Штаттарының әскери және дипломатиялық топтары.

АҚШ хауіпсіздігінің ұлттық советі дейтіннің гоминдандық арандату әрекеттеріне Құрама Штаттардың соғыс күшімен қатысуына арналған қарарларын соңғы күндері бүкіл америка баспасөзі ашықтан-ашық арыздықпен талқылады. Әңгіме АҚШ-тың Тайвань аралын «күзету» жөніндегі ниеті бұл ауданның чанкайшылықтар басып алған басқа аралдарын да қамтып ма, жоқ па деген мәселе жайында болды. Атап айтқанда, Амои қаласына таяу орналасқан және гоминдандық билігіне қытайдың жасалауын атқылау

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ІХ СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСАТЫН ССРО, УССР ЖӘНЕ БССР ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫНЫҢ НЬЮ-ЙОРККЕ КЕЛУІ

НЬЮ-ЙОРК, 22 сентябрь. (СОТА). ССРО, УССР және БССР делегациялары БҰҰ Бас Ассамблеясының ІХ сессиясының жұмысына қатысу үшін 21 сентябрьде «Куин мэри» пароходымен Нью-Йоркке келді.

ССРО делегациясын Нью-Йоркке бұдан бұрын келген ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары, ССРО-ның БҰҰ-дағы тұрақты өкілі А. Я. Вышинский, Украин ССР делегациясын —УССР Сыртқы Істер Министрі Л. Ф. Паламарчук, Беларусь ССР делегациясын —БССР Сыртқы Істер Министрі К. В. Киселев басқарады.

Делегацияларды ССРО-ның Құрама Штаттардағы елшісі Г. Н. Зарубин және ССРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы өкілдігінің қызметкерлері қарсы алды.

БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ СЕССИЯСЫНДА

НЬЮ-ЙОРК, 22 сентябрь. (СОТА). Кеше Нью-Йорк уақытымен 15 сағат 15 минутта (Москва уақытымен 22 сағат 15 минутта) БҰҰ Бас Ассамблеясының ІХ сессиясы ашылды. Сессияны Пандит ханым ашты. Пандит ханым уақытша председател ретінде қысқаша сөз сөйлеп, ол бұл сөзінде ІХ сессия «бейбітшілік және халықаралық түсінісу ісіне көмектесетін әрбір мүмкіндікті пайдаланып, бұл мүмкіндікті өрістетеді» деген үміт білдірді. Бұл міндетті жүзеге асыруда төзімділік және қажырлылық қажеттігін атап көрсете келіп, Пандит ханым былай деді: «Индо-Қытай дағы соғысты тоқтатқан келіссөздердің табысы ең қыйын және қатерлі жанжалдарды келіссөздер жүргізу жолымен қалай тоқтатуға болатынын көрсетті. Рас, бұл келіссөздерді Біріккен Ұлттар тікелей жүргізген жоқ. Бірақ бұл соғыс қыймылдарының аяқталғанын, сонымен бірге ауыр шығындардың тоқтатылғаны және бұдан да гөрі зор жанжалдың бұдан былайғы хауіпін тоқтатылғаны жөніндегі қуанышты ешқандай жағдайда ренішке айналдырмауға тиіс».

Пандит ханымның сөзінен кейін Бас Ассамблея мандат комиссиясының мүшелерін тарайындау туралы мәселені қарауға кірісті. ССРО өкілі А.Я. Вышинский Қытай Халық Республикасының өкілдері Бас Ассамблеядан және БҰҰ-ның басқа органдарынан орын алынып деп ұсынды. Сыртқы істер министрінің Берлин кеңесінің және Женева кеңесінің халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге көмектескенін атап көрсете келіп Вышинский былай деді: халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздік мәселелерін ұлы державаның — Қытай Халық Республикасының қатысуымен шешуге болмайтынын Женева кеңесі тағы да дәлелдеп берді.

Егер АҚШ-тың оппозициясы болмаған күнде, бұл мәселе әлде қашан шешілген болар еді деп көрсетіп, Вышинский сөзінен қорытындысында Бас Ассамблеяда жа-

ССРО-да болған Францияның ауылшаруашылық жұмысшылары делегациясының мәлімдемесі

Ауыл шаруашылығы және дайындау жұмысшылары мен қызметшілері көші-оағының орталық комитетінің шақыруы бойынша келген Францияның ауылшаруашылық жұмысшыларының делегациясы Совет Одағында үш аптадан аса уақыт бойы қонақ болды. ССРО-да болған кезінде делегация Дондағы Ростовқа, Краснодарға, Сухумиге және Сочиге барып, бірқатар совхоздар мен колхоздарда болды, МТС жұмыстарымен танысты. Делегация сонымен қатар Бүкілқытайлық ауылшаруашылық көрмесінде болды.

21 сентябрьде «Сельское хозяйство» газетінің редакциясы баспасөз конференциясын ұйымдастырып, онда делегацияның атынан оның басшысы — Францияның ауылшаруашылық жұмысшылары ұлттық федерациясының секретары Наэтан Кателэн мәлімдеме жасады. Ол Совет Одағында Франция еңбекшілерінің өкілдеріне жылы шырай, меймандстық көрсетілгенін атап айтты. Совет халқының, деді ол, француз еңбекшілеріне шын ниетті достық сезімдерін білдіріп отырғанына біздің көзіміз жетті. Кателэн совет халқының бейбітшілікке ұмтылған мызғымас талабын атап көрсетті. «Бейбітшілік» деген сөз, деді ол, делегация үйренген алғашқы орыс сөздерінің бірі болды.

ҚХР Конституциясының қабылдануы

ХАЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ БҮКІЛҚЫТАЙЛЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫНЫҢ СЕССИЯСЫНДА

ПЕКИН, 20 сентябрь. (СОТА). Бүгінгі күн қытай халқының өміріндегі даңқты күн. Халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының бірінші сессиясы бүгінгі мәжілісте Қытай Халық Республикасының Конституциясын —қытай халқының көп асырдан бергі тарихындағы шын мәніндегі халықтық және демократиялық тұңғыш Конституцияны бірауыздан қабылдады.

Күндізгі сағат 3-те депутаттар мәжілістің залына лық толды. Мао Цзэ дун жолдастың залға келуі ду қолпалақтаумен қарсы алынды. Председательдік етуші депутат Чжоу Энь-лай мәжілісті ашылды деп жариялады.

Ол былай деді: ҚХР Конституциясының жобасы және депутат Лю Шао-цидің «Қытай Халық Республикасы Конституциясының жобасы туралы» баяндамасы бойынша «жарыссөздерде барлығы 89 депутат шығып сөйлеп, 89 депутаттың бәрі де Лю Шао-цидің баяндамасын бірауыздан мақұлдады және Қытай Халық Республикасының Конституциясы қабылданысын деген ұсыныс енгізді.

Бұдан кейін Чжоу Энь-лайдың ұсынысы бойынша депутаттар ҚХР Конституциясын жасырын дауысқа қою жолымен қабылдау туралы қарар алды. Конституция жобасының текеті оқылып, одан кейін Конституцияның жобасы дауысқа қойылды.

Депутаттар бірінен соң бірі дауыс беретін урналарға салтанатпен келіп, оған қытай, монғол, ұйғыр және тибет тілдерінде жазылған бюллетендерді урналарға

Кателэн Совет Одағында салынып жатқан құрылыстардың орасан зор және сәттік ауыл шаруашылығын механикаландыру дәрежесінің жоғары екенін атап көрсетті.

Кателэн Бүкілқытайлық ауылшаруашылық кемесінің делегацияның мүшелеріне орасан зор әсер бергенін айтты. «Бұл көрме,—деді ол,—Совет халқы мен оның үкметінің ауыл шаруашылығын оған өркендету жолымен алға басуға ұмтылған талабының айқын айғағы болып табылады».

Мәлімдемеді сонымен қатар ССРО-да, атап айтқанда, колхоздар мен совхоздарда мәдениет пен оқу ісін дамытудағы зор табыстар атап көрсетілген.

Сіздің елде біздің көргендерімізден көпін, деді қорытындысында Кателэн, біздің делегациямыз біздің екі халқымыз өз арасындағы достықтың дәнекерлерін нығайту өте қажет деп бірауыздан санап отыр. Делегация байланысты ұлғайту бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтауға тиімді көмегін тиізіледі деп санады.

Француз делегациясының мүшелері совет баспасөзі өкілдерінің қойған сұрақтарына жауап берді.

Дауыстың есебі шығарылғаннан кейін председателдік етуші Чжоу Энь-лай дауыс берудің нәтижелерін жариялады. Бүгінгі мәжілісте болған 1197 депутаттан дауыс беруге 1197 депутат қатысып, 1197 депутаттың бәрі де Конституцияны қабылдауды бірауыздан жақтады деген Чжоу-Энь-лайдың хабарын жыйналыс зор жігермен қарсы алды. Депутаттардың бәрі түгелінен орындарынан тұрып, залдың күмбезі астында күшті орация көпке дейін басылмады, Қытай Коммунистік партиясының құрметіне, Мао Цзэ-дунның құрметіне құттықтаған ұраңдар айтылды. Мұның өзі 600 миллион халық өкілдерінің өз мемлекетінің негізгі заңының —ұлы қытай халқының ұлттық тәуелсіздік, демократия және социализм үшін көп жылдар бойы жүргізген күресінің жеңістерін баянды ететін Қытай Халық Республикасы Конституциясының қабылданғандығын құттықтағаны еді.

Председательдік етуші Чжоу Энь-лайдың халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысын президиумының атынан: Қытай Халық Республикасының сайланған халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының бірінші сессиясы 1954 жылғы 20 сентябрьде Қытай Халық Республикасының Конституциясын қабылдады деп жариялаған сөздері салтанатпен естілді.

Бүгінгі мәжілістің қорытындысында халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының депутаттары халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының ұйымдас-

алуан түрлі топтар өкілдерінің оң алаң-арекетке қалай қарап отырғанында күмән болмауға тиіс. Иден Римге келген күні бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының делегациясы ағылшын елшілігінде болып оған Батыс Германияны қаруландыруға теріс көзқарас білдірген арнаулы хат тапсырды. «Римнің халқы, — делінген арнаулы хатта, —Еуропа мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік саясатының жүргізілуін талап етеді, бұл саясат өзара келіпідік беру жағдайында Европаның барлық елдері арасында бірлікке жетуге мүмкіндік берген болар еді, мұның өзі біздің континентіміздің хауіпсіздігі мен көркеюін қамтамасыз еткен болар еді».

Англияда әртүрлі көзқарастағы қайрагерлер Батыс Германия милитаристерін қаруландырудың бұқараны алдау үшін түрі өзгертілген жаңа жоспарларын дағты сынауда. Парламенттік мүшесі лейбористка Барбара Касел «европалық қорғаныс бірлестігінің» күйреуінен туған сабақты Иден ескермей отыр деп мәлімдеді. Ал бұл сабақ, Каселдің пікірінше, «мынада болып отыр: агрессияшы герман ұлтшылдығын қайта тудырудан қорғануға ССРО мен Францияның правосы бар, ал федералдық үкімет (Вондағы Аденауэр үкіметі. — В. Л.) өзін антикоммунистік майдандағы бірден-бір факторын деп санап, көбірек ынталандырылатын болса, Европадағы шиеленіс солгұрлым тереңдей түседі». Ал консервативтік «Дейли экспресс» газеті герман милитаризмін ендігі жерде «батыс одағына» «батыр» ретінде қатыстыруға әрекет жасалып отырғанына назалануда. 1948 жылы қара болған нәрсені 1954 жылы ағарды деп адамдарты сендіру үшін көп мерзім керек болады, деп жазған газет.

Даллестің және Батыс Германияны қаруландырудың жаңа жобаларының басқа да итаршы агенттерінің жолында тұрған

ған конституциясының жобасында дауға, үкіметтің жұмысы туралы баяндаманы талқылауға, мемлекеттік аппарат басшыларының жаңа құрамын сайлауға тиіс.

Сессияның тарихи маңызын Мао Цзэдун өзінің кіріспе сөзінде сыйпаттай келіп, былай деді: «Бұл—1949 жылы республикамыз құрылған кезде бері біздің халқымыз жеткен жаңа жеңістер мен жаңа табыстарды бейнелейтін кезең. Осы сессияда жасалып, қабылдануға тиісті Конституция біздің елімізде социализм ісін едәуір ілгері бастырады».

Қытайда көзінде дейін болған және болып жатқан істердің халықаралық маңызын асыра бағалау мүмкін емес. Алты жүз миллионды халық Азияда аса ұлы демократия орнатуды аяқтап келеді, ол біртұтас, халық бұқарасы қолдап отырған үкіметке өз тарихында тұңғыш рет ие болып, социалистік қоғам орнатуда. Қытайда индустриялық құрылыс ойдарыдай басталып, қарыштаған қарқынмен жүзеге асырылуда, ал сан миллиондаған шаруалар жұмыспен табымен тығыз одақтасып және соның басшылығымен елдің ауылшаруашылық өндірісін жаңартуда. Қытайда ұлы мәдениет революциясы жасалып отыр, Қытай қалалары мен селоларының бейнесі өзгеріп, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін арттыруда көзінді өзінде ірі табыстарға қол жетті. Ал бір кезде империалистік державалардың айла-сұмдықтары мен тіміжілеген әрекеттерінің объективті болған Қытай көзін халықаралық аренада халықтың мүдделеріне сай келетін өз саясатын жүргізіп отырған дүние жүзінің ұлы державаларының бірі ретінде қыймыл жасауда.

Халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы сессиясының күн тәртібіндегі бірінші және аса маңызды мәселе — Конституцияны бекіту. Конституцияның

үшін пайдаланып отырған Цзиньмыньдао аралы да америка флотының «күзетінде» деп атап көрсетілді. Бұл флотка гоминдандықтардың «жүріс-тұрысы және жабықталуы» жағынан, яғни олардың Қытай Халық Республикасына қарсы барлық соғыс операцияларына көмектескен деген бұйрық берілген.

Тайвань мен Цзиньмыньдао ауданындағы америка шаралары батысевропалық елдер жұртшылығының өкілдері арасында үрей тудыруда. Бұл үрейдің негізді болатын тағы бір себебі сол, Англия мен Францияның өкілдері Қурама Штаттармен бірлесе отырып, 8 септябрьде Манилада жаңа соғыс шартын — «Оңтүстік-Шығыс Азияның қорғанысы туралы договор» дейтінді жасасты. АҚШ дипломатиясы осы жаңа договордың жәрдемімен СЕАТО-ға қатысушылардың басқаларын Қытайға және Азиядағы басқа тәуелсіз елдерге қарсы бағытталған американдық жаңа соғыс арандатулары мен авантюраларын қолдатытын міндеттемен байлап-матаймыз деп үміттенуде.

Манилада қол қойылған договор, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің 15 септябрьдегі мәлімдемесінде атап көрсетілгеніндей, Азия мен Қыбыр Шығыстағы хауіпсіздік мүдделеріне қарсы бағытталған, Азия халықтарының бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігіне қарсы бағытталған. Сонымен бірге Манила шарты инициаторларының әрекеттері, ең алдымен АҚШ билеуші топтары өкілдерінің әрекеттері бейбітшілікті нығайту міндеттеріне әресек қайшы келіп отырғаны мүлде айқын.

Америка соғысқұмарлары мен дипломатиясы көтермелеп отырған чанкайшыл бандиттердің тіміскілеген арандату әрекеттері мұны ерекше күшпен еске салуда.

Б. ЛЕОНТЬЕВ.

МАРСЕЛЬ КАШЕННІҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ ТОЛУЫНА

ПАРИЖ, 21 септябрь. (СОТА). Францияның демократияшыл жұртшылығы кеше Француз коммунистік партиясын құрушылардың бірі, халықаралық революциялық қозғалыстың ең қарт қайраткері Марсель Кашеннің туғанына 85 жыл толуын атап өтті.

Көп мерекенің құрметіне салтанатты жыйналыс өткізілді, оны жалпы еңбек конфедерациясының, француз әйелдері одағының, Францияның республикашыл жастар одағының, Францияның қыздар одағының, ұлттық бейбітшілік советінің және басқа прогресшіл ұйымдардың өкілдері құттықтады. Француз коммунистік партиясының орталық комитетінің секретары Бийу құттықтау сөз сөйледі.

Бийу Кашеннің өз өмірінің 65 жылғы революциялық күреске арнағанын еске салды. 1920 жылы ол бұрынғы француз социалистік партиясының көпшілігін басқарды, ол коммунистік партия болып қай

та құрылу туралы қарар қабылдады. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Марсель Кашен Франция мен ССРО арасында достық қатынастарды орнатылып, нығайтылуы үшін тынбастан күресті. Көзіркі уақытта Кашен Француз коммунистік партиясының орталық комитеті саяси бюросының мүшесі, «Юманите» газетінің директоры бола отырып, Францияның жұмыспен табы мен халқының мүдделерін қорғау, елдің ұлттық тәуелсіздігі жолында бондық кешкілерді қаруландыруға қарсы, Европадағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолында белсенділікпен күресіп келеді.

Өзіне назар аударылып, құрмет көрсетілгені үшін жыйналғандардың бәріне алғыс айтып, Кашен жауап сөзінде капиталистік және отарлық езуділікке қарсы, отаның бейбітшілігі мен ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күреске еселенген күш жұмсауға шақырды.

ПЕКИНДЕ ҚХР КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БОЛҒАН МЕЙРАМ

ПЕКИН, 20 септябрь. (СОТА). Бүгін халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының бірінші сессиясы Қытай Халық Республикасының Конституциясын — бақыттылыққа және прогреске жеткізетін Конституцияның, Қытай халқының ірі жеңістерін заң жүзінде баянды ететін Конституцияның және ел ішінде социализм құрылысын қамтамасыз ететін Конституцияның қабылданғандығы туралы хабарды радио арқылы естісімен-ақ, Пекиннің мыңдаған халқы қолдарына жалау алып, көшеге шықты. Өзінен-өзі бұқаралық демонстрация ашылды. Бұған қатысушылар ҚХР-дің Конституциясын қолдап ұрандар көтерді, Қытай Халық Республикасының және Қытайдың Коммунистік партиясының құрметіне ұрандар айтты. Астананың көшелерінде кешке дейін көп адам қатынасқан салтанатты жүрістер болып өтті, Пекиннің халқы елең айтты, би биледі.

не Біріккен Ұлттардың басқа ортақтарында Қытай Халық Республикасының өкілдеріне орын берілеін деген ресми ұсыныс енгізді.

Бас Ассамблея 43 дауыспен ҚХР-дың БҰҰ-дағы праволарын жалпына келтіру туралы мәселені қарауды кейінге қалдыруға ұйғарды, 11 дауыс бұған қарсы болды.

ГДР-ДАҒЫ САЙЛАУ ҚАРСАҢЫНДА

Германияның демократиялық шаруалар партиясы басқармасының мәжілісі БЕРЛИН, 21 септябрь. (СОТА). Берлинде Германияның демократиялық шаруалар партиясы басқармасының халық палатасының және округтік халық өкілдерінің алдағы 17 октябрьдегі сайлауына байланысты партияның міндеттерін талқылауға арналған мәжілісі болды. Мәжілісте қарар қабылданды, онда, атап айтқанда, былай делінген:

Демократиялық Германияның Ұлттық майданының сайлау алдындағы үндеуі Германияны ұлттық қайта біріктірудің, немістердің арасында келісімге жетудің жолын көрсетіп отыр.

Милитаристердің соғыс блогына жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар одағының жеңімпаз күшін, Германияның барлық бейбітші және патриоттық күштерінің біртұтас майданын қарсы қояйық.

Неміс шаруалары бейбітшілік жағдайында егін егіп, оны жыйнағысы келеді. Сондықтан соғыс шарттары мен ре- милитарландыру жоспарлары жойылыс. Барлық патриоттармен бірге біз отанымыздың демократиялық мемлекет ретінде бейбітшілікпен қайта біріктірілуін талап етеміз. Біз бейбітшілік договорының жасалуын, барлық оккупациялық әскерлердің әкетілуін талап етеміз. Біз Совет Одағы ұсынғандай, бүкіл Европа үшін коллективтік хауіпсіздік туралы договордың жасалуын талап етеміз.

Қарар жұмысшы-шаруалар өкіметін онан әрі нығайтуға, сайлауда демократиялық Германияның ұлттық майданы кандидаттарының жеңуі үшін күресуге шақырады.

салды. Тығу ержесін қабылдады.

Югославия президенті Титоның сөз сөйлеуі

БЕЛГРАД, 21 септябрь. (СОТА). «Борба» газеті Югославияның президенті Титоның Острожнода (Словения) болған митингте сөйлеген сөзін жариялады.

Тито сөзінің бас кезінде Югославияның ішкі және экономикалық жағдайының мәселелеріне тоқталған.

Сыртқы саясат мәселелеріне тоқтай келіп, Тито былай деп мәлімдеген: Югославия «европалық қорғаныс бірлестігінің» өмір сүретіндігіне ешуақытта д сенген емес, қайта «оны қайдағы бір қолдан жасалған және өмір сүретін жағдайы жоқ шала туған нәрсеге деп әрқашан та санап келді».

Европалық қорғаныс бірлестігінің күйреуі, деген Тито, апат болып табымайды, Европаның хауіпсіздігін сырттан ғана емес, сонымен бірге Европаның өз ішінде хауіпсіздікті қамтамасыз ете алатындай Европада қатынастар орнатудың жағдайы мен жолдары бар. Ол және былай деген: «Европаның тұтастығы берік негіздерге сүйенетін болуына, Европаның ішінде қатынастардың жақсартылуына көбірек көз жіберу керек».

Тито былай деген: осындай европалық қорғаныс бірлестігімен ынтымақтасуға біз әзірміз. Бірақ бұдан бұрын ойластырылған европалық қорғаныс бірлестігі сыяқты бірлестікпен ешуақытта да ынтымақ жасамаймыз деп, біз бұдан бұрын-ақ мәлімдегенбіз.

Югославияның солтүстік атлантикалық одаққа қосылуы туралы мәселеге тоқтай келіп, ол былай деп мәлімдеген: «Атлантикалық шарт, егер оның өзінің қайсы бір «резон дьэтри» (өмір сүру маңнасы рет.) болса, көзіркі уақытта саяси және идеологиялық сыйпатын барған сайын арттыра бастады, ал мұның өзі коммунизмге қарсы күресу деген сөз. Сондықтан атлантикалық шартқа қол қою қажеттігі туралы бір кезде біздің алды-

мызға қойылған ұсыныс біздер үшін қабылдауға болмайтын ұсыныс.

Бұл одақта Югославияға орын жоқ деп көрсете келіп, Тито былай деген:

«Біз әртүрлі мәселелер жөнінде ынтымақтаса аламыз. Біз атлантикалық блокпен тек кейбір шағын мәселелер жөнінде ғана онда тек кейбір шек қойылған мәселелер бойынша ғана ынтымақтаса аламыз».

Бірақ идеологиялық күрестің қандай болса да, сақтық үшін соғыс жүргізу тілегінің қандай болса да, бізге жат, міне бұл мәселелер жөнінде біз ынтымақтаса алмаймыз».

«Менің мынаны айтқым келеді, — деп мәлімдеген Тито бұдан кейін, —соғыстың қандай болса да мүлде қыйсысыз, ал идеологиялық соғыс бұдан әлде қайда қыйсысыз. Біз мұндай күреске қарсымыз, сондықтан көзіркі уақытта шетелдерде коммунизмге қарсы жүргізіліп жатқан насихатқа біз келісе алмаймыз».

Сөзінің қорытынды бөлегінде Тито былай деген: Югославияның барлық елдермен ынтымақтасу саясаты жағында Совет Одағымен, Венгриямен, Болгариямен, Румыниямен, Албаниямен, ал көзір Чехословакиямен де қатынастарды қалпына келтіруден айқын көрінді.

«Ендігі жерде бұл қатынастарды бір қалыпқа келтірудің бізге қажет болып отырғаны үшін көзір бізді әлде кім айыптай алар ма екен және айыптауға правосы ма екен? Шынында да, мұның орнына бұл елдермен онан әрі дауласа берудің не қажеті бар? деген Тито.—Бұған ешкімнің де правосы жоқ. Мүмкін, бұл әлде кімге пайдалы болар еді де, бірақ біздер үшін және бүкіл дүние жүзі үшін бұдан келетін пайда жоқ».

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ГҮЛДІ ӘИЕЛ»

Сеанстар сағат 3, 5, 7, 9 және 11-де басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«БІЗ СІЗБЕН БІР ЖЕРДЕ КЕЗДЕСКЕН СЫЯҚТЫМЫЗ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.